

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі
№ 45 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Биржалық қызметті жүзеге асыру ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 26 ақпанындағы № 6 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2020 жылдың 27 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 17 наурызындағы № 8 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2020 жылдың 03 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 19 наурызындағы № 9 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2020 жылдың 19 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 өзгертулер мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 27 қазанындағы № 38 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- қолданысқа енгізу датасы Биржаның Директорлар кеңесінің жеке шешімімен бекітілетін, 11 баптың 10 тармағынан басқасы, 2020 жылдың 28 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 5 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 11 қарашасындағы № 39 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2020 жылдың 30 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

6. № 6 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 10 наурызындағы № 14 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 11 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

7. № 7 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 23 маусымындағы № 42 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 07 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

8. № 8 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 27 қазанындағы № 65 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 01 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

9. № 9 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 30 желтоқсанындағы № 73 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2022 жылдың 05 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

10. № 10 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 01 шілдесіндегі № 21 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2022 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

11. № 11 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 27 шілдесіндегі № 23 отырысы хаттамасы) бекітілді;
- 2022 жылдың 22 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленіп, бағалы қағаздармен "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) негізгі қызметінің шарттарын, Биржада мүшелік етудің жалпы шарттарын, Биржаның ресми тізіміне бағалы қағаздарды енгізудің жалпы шарттарын, биржалық сауда-саттықтарда қаржы құралдардың белгілі бір түрлерімен мәміле жасасудың ерекшеліктері сипатталған.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Негізгі түсініктер мен шартты белгілер

1. Биржа өз қызметінде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықтамасы берілмеген, бірқатар шартты белгілерді қолданады. Биржаның қызметінде және ішкі құжаттарында, сондай-ақ, қажетіне қарай, Биржа мүшелері мен олардың клиенттерінің қызметінде олардың қолданысын бірегейлендіру мақсатында, Биржа осы Ережелердің 1 қосымша болып табылатын, негізгі шартты белгілердің анықтамасын қамтыған, глоссарий әзірленді.
2. Биржа өз қызметінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес анықталған, түсініктер мен терминдерді қолданады.

2 бап. Биржаның қызметі туралы жалпы мәліметтер

1. Биржа, келесідей биржалық нарықтар қызмет ететін, әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады:
 - 1) "қор" нарығы – бағалы қағаздардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үлестерінің ұйымдастырылған нарығы;
 - 2) "валюталық" нарық – шетел валюталарының ұйымдастырылған нарығы;
 - 3) "деривативтер" нарығы – туынды қаржы құралдарының ұйымдастырылған нарығы.
2. Биржа өзінің сауда-саттық жүйесінде айналысқа рұқсат етілген, қаржы құралдарының тізімін (бұдан әрі – Биржаның тізімі) жүргізеді, осы тізімде есептесуінің бірдей белгілері бар, белгілі бір қаржы құралдарының сауда-саттықтары жүргізілетін, нарық алаңдары, секторлары, санаттары және секциялары туралы ақпарат қамтылған. Сауда-саттық жүйесінде айналысқа рұқсат етілген, қаржы құралдарының тізімін құрастыру ережелері, Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін, жеке ішкі құжатпен анықталады.

Биржа тізіміне енгізу және қаржы құралдарының осы тізімнің алаңдарында, секторларында және санаттарында болу сұрақтары, сондай-ақ әртүрлі секцияларда тұрған қаржы құралдарымен мәміле жасасу тәртібі Биржаның тиісті ішкі құжаттарымен анықталады.
3. Биржа келесідей функцияларды атқарады:
 - 1) сауда-саттық жүйелерінің эксплуатациясы және қолдауы;
 - 2) бағалы қағаздары Биржаның тізіміне енгізілуі жоспарланған немесе енгізілген, эмитенттерге, сондай-ақ Биржада айналысқа жіберілетін (жіберілген), өзге бағалы қағаздар мен қаржы құралдарына қатысты талаптар орнату;
 - 3) өз мүшелеріне. Биржада айналысқа жіберілген, бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу мақсатында, сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама беру;
 - 4) Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінде (бұдан әрі-сауда жүйелері) айналыста болатын бағалы қағаздармен және өзге қаржы

құралдарымен сауда-саттыққа Биржа мүшесінің атынан қатысатын трейдерлерді оқыту *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімдерімен өзгертілді)*;

- 5) трейдерлерді сауда-саттыққа жіберу және, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын бұзған жағдайда, оларды сауда-саттықтардан шеттету;
- 6) сауда-саттыққа жіберілген, сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген, Биржа трейдерлерінің тізілімін жүргізу (шеттету себептерін көрсетумен) және оны Биржаның интернет-ресурсында жариялау *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 7) Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу;
- 8) бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған, мәмілелердің мониторингі мен талдауын жүзеге асыру;
- 9) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен алып тасталған)*;
- 10) Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелердің мониторингі және талдауының нәтижесі туралы, сондай-ақ Биржа мүшелерінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын бұзу туралы ақпаратты уәкілетті органға, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте, ақпарат ұсыну;
- 11) Биржада айналысқа жіберілген, бағалы қағаздар эмитенттедің, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Биржаның ішкі құжаттарымен талап етілген көлемде ақпараттар ашуы және уәкілетті органға осындай мониторингінің нәтижелері туралы ақпараттар ұсыну;
- 12) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру;
- 13) жеке нарықтарда орталық контрагент функциясын жүзеге асыру;
- 14) Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды ұйымдастыру және жүзеге асыру немесе осындай есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарды ақпараттарды дайындау;
- 14-1) клирингтік қызметті жүзеге асыратын ұйым ретінде клирингтік қатысу сертификаттарын шығару *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 15) лицензияланған қызмет түрі шегінде кеңес берушілік, ақпараттық және өзге қызметтерді көрсету;
- 16) бағалы қағаздар және басқа да қаржы құралдары нарығының сұрақтары бойынша талдамашылық зерттеулердің өткізу;
- 17) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген тәртіпте банктік операциялардың кейбір түрлерін жүзеге асыру;
- 18) Биржадағы сауда-саттықты уақытша тоқтату шарттары мен тәртібін анықтау;
- 19) Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайына мониторинг жасау;
- 20) Биржаның ережелерімен белгіленген тәртіпте барлық корпоративтік уақиғалар туралы, бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне

енгізілген, эмитенттердің және Биржа мүшелерінің тоқсан сайынғы қаржылық есеп берушілігі туралы ақпараттарды Биржаның интернет-ресурсында жариялау *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 21) дефолттарды реттегенде және орталық контрагент функциясын атқарғанда, Биржада айналысқа жіберілген, бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарының сауда-саттықтарына қатысу;
- 22) Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған, өзге де функциялар.

2 ТАРАУ. БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҚТАРДЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3 бап.

Биржа мүшелері

1. Биржа мүшелері – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардан басқа, өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға құқығы бар өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ жосықсыз/дәрменсіз клирингтік қатысушының дефолтын реттеу бойынша мәмілелер жасасу шеңберінде орталық контрагенттің функцияларын орындау кезінде Биржа биржалық сауда-саттыққа қатысушылары болып табылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі белгіленбесе, Биржа мүшесі болып табылмайтын, жеке және заңды тұлғалар биржалық сауда-саттыққа жіберілмейді.

2. Биржа мүшесі биржалық сауда-саттыққа оған берілген мүшелік санатына сәйкес қатыса алады.
3. Биржа мүшесіне қабылдау тәртібі, Биржа мүшелерін сауда-саттыққа жіберу және Биржа мүшелеріне қойылатын талаптар "Мүшелік туралы қағида" атты Биржаның жеке ішкі құжатымен реттеледі.

4 бап.

Трейдерлер мен қадағалаушыларды сауда-саттыққа жіберу

1. Биржа мүшесінің атынан қаржы құралдарының сауда-саттықтарына олар өкілдеген жеке тұлғалары – "Биржаның сауда-саттық жүйелеріне рұқсаттама беру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес берілген, рұқсаттама алған, трейдерлер қатысады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Трейдерлерге қойылатын талаптар, трейдерлерді сауда-саттыққа қатысуға жіберу және шеттету шарттары, сондай-ақ трейдерлердің өзге әрекеттеріне қатысты басқа да сұрақтар, "Мүшелік туралы қағида" және "Биржаның сауда-саттық жүйелеріне рұқсаттама беру ережелері" атты Биржаның ішкі құжаттарында анықталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Сауда-саттыққа тұлғалар Басқарма Төрағасының және/немесе, сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының Төрағасы орынбасарының шешімімен жіберіледі, бұл ретте оларға сауда-саттық өткізу үдерісіне тікелей немесе жанама араласуға тыйым салынады.

5 бап.

Демеушілік рұқсаттама клиенттері

1. Демеушілік рұқсаттама клиенттері деп, соның тапсырмасымен сауда-саттыққа қатысушысы сауда-клирингтік жүйесіне мәмілелер жасасуға өтінім беретін, заңды немесе жеке тұлғаны түсіну керек.

2. Демеушілік рұқсаттама клиенттерінің тапсырмалары сауда-саттыққа қатысушыларына тапсырмалардың өңдеудің қосалқы жүйесі арқылы беріледі.
3. Демеушілік рұқсаттама клиенттеріне өңдеудің қосалқы жүйесіне рұқсаттама "Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне рұқсаттама беру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес сауда-саттыққа қатысушының өтініші негізінде беріледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы және 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

6 бап. Трейдерлердің сауда-саттықтан шеттету

Биржа мүшесінің трейдері сауда-саттыққа қатысудан шеттетіліп, Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау рұқсаттамасынан, "Мүшелік туралы қағида" және "Биржаның сауда-саттық жүйелеріне рұқсаттама беру ережелері" атты Биржаның ішкі құжаттарында анықталған негіздер бойынша, айырылуы мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

7 бап. Клирингілік қатысушылар

1. Клирингілік қатысушылар деп, клирингілік қатысушы мәртебесін алған, заңды тұлғаны түсіну керек.
2. Тек Биржа мүшелері ғана клирингілік қатысушы бола алады.
3. Әр клирингілік қатысушысына, клирингілік қатысушының белгілі бір биржалық нарығында қаржы құралымен жасалған мәміле бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету амалын анықтайтын, санат белгіленеді.
4. Клирингілік қатысушы мәртебесін беру, айыру және қалпына келтіру тәртібі, клирингілік қатысушы санатын анықтау тәртібі, сондай-ақ клирингілік қатысушы мәртебесін алуға ниеттенген ұйымдарға қойылатын талаптарды және клирингілік қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, клирингілік қатысушылардың және Биржаның жауапкершілігі "Клирингілік қатысушылар туралы қағида" атты Биржаның жеке ішкі құжатымен реттеледі.

3 тарау. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН БИРЖАДА АЙНАЛЫСҚА ЖІБЕРУ

8 бап. Биржада айналысқа жіберілетін, қаржы құралдар

Бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру ережелеріне¹ сәйкес Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналысқа жіберіледі:

- 1) шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен тіркелген, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, ұйымдардың беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары;
- 2) шығарылымы уәкілетті органмен тіркелген немесе Биржада айналысқа жіберілген, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын, ұйымдардың беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары;

¹ Қазақстан Республикасының қаржы нарықты және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі Агенттігі Басқармасының 2008 жылдың 29 қазанындағы № 170 қаулысымен бекітілген.

- 3) шығарылымы шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген және Биржада айналысқа жіберілген, Қазақстан Республикасының резидент-ұйымдардың беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары;
- 4) шығарылымы уәкілетті органмен тіркелген немесе Биржада айналысқа жіберілген, ХҚҰ эмиссиялық бағалы қағаздары;
- 5) Қазақстан Республикасының борыштық міндеттемелері (вексельдер);
- 6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары, соның ішінде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының облигациялары;
- 7) шет мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар;
- 8) туынды қаржы құралдары және, Биржада айналысқа жіберілген, басқа да қаржы құралдар.

9 бап. Бағалы қағаздардың листингі және делистингі

1. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу үшін және олардың аталған тізімде тұруы үшін олардың эмитенті листинг процедурасынан өтуі тиіс, бұл процедураға эмитент және оның бағалы қағаздары, уәкілетті органмен² белгіленген листингілік талаптарға және листингілік қызметті реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкестігі тексеріледі.
2. Эмитенттің бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы шешімді, осы баптың 3 тармағында белгіленгенді қоспағанда, арнайы орган Листингілік комиссия³ қабылдайды.

Листингілік комиссияның құрылымы, функциялары, өкілеттілігі және міндеттері Листингілік комиссия туралы қағидада анықталған.
3. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың осында жеңілдетілген процедура бойынша болуы туралы шешімді Биржа Басқармасы қабылдайды.
4. Биржа бағалы қағаздарды ресми тізімінде болуы кезінде ақпараттар ашу бойынша талаптарды орнатады, рұқсаттама бастамашысы ақпараттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында, листингілік келісім-шартта және Листингілік ережелерде белгіленген, мерзімде және шарттармен ұсынуға міндетті.
5. Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының осы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінде тұру кезінде ақпараттар ашуы "Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттар ашуына мониторинг жүргізу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
6. Қандай да бір бағалы қағаздардың делистингі туралы сұрақ Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының қарауына ұсыну, уәкілетті органның және/немесе Листингілік ережелермен⁵ белгіленген, негіздер бойынша жүзеге асырылады.

² Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылдың 27 наурызындағы № 54 қаулысымен бекітілген, "Эмитенттер мен олардың Биржада айналысқа жіберілген (жіберілетін) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасының жеке санаттарына қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу сұрақтары бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер енгізу".

³ Осы жерде және бұдан әрі, Қазақстан Листингілік комиссия деп тұрақты қызмет ететін, негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес листинг, делистинг, Биржаның ресми тізімінің санатын ауыстыру сұрақтары бойынша шешім қабылдау болып табылатын, Биржаның құрылымнан тыс органын түсіну керек.

10 бап. Өзге қаржы құралдарын Биржада айналысқа жіберу

Биржаның сауда-саттық жүйесінде шетел валюталарын, туынды қаржы құралдарын және өзге қаржы құралдарын (туынды бағалы қағаздардан басқа) Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналысқа жіберу Биржа Басқармасының шешімімен жүзеге асырылады.

4 тарау. САУДА-САТТЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

11 бап. Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізудің жалпы қағидалары

1. Сауда-саттық өткізудің негізгі орны Биржаның сауда-саттық жүйелері болып табылады.
2. Биржаның сауда-саттық жүйелерімен жұмыс қашықтан кіру тәртіптемесінде жүзеге асырылады.
3. Қашықтықтан қол жеткізу тәртіптемесінде жұмыс істеу үшін ASTS+ сауда-клиринглік жүйесіне қосылудың негізгі шарттары Биржаның "Қашықтан қол жеткізу тәртіптемесінде сауда-клиринглік жүйемен жұмыс істеу ережелері" атты ішкі құжатында келтірілген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
4. Қаржы құралдарының сауда-саттықтары әр жұмыс күнінде сауда-саттық күні барысында өткізіледі. Сауда-саттық күні жеке сауда-саттық сессияларына бөлінуі мүмкін.
5. Сауда-саттық өткізудің тәртібі (сауда-саттық өткізудің орны, уақыты және өзге де негізгі параметрлері) "Сауда-саттық және бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс регламенті" атты Биржаның ішкі құжатында анықталған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы және 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

6. Қор нарығының қаржы құралдарының сауда-саттықтарын ашу "Листинглік ережелер" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы Ережелерге 7 қосымшаның нысаны бойынша ресімделген және осы Ережелердің 11-1 бабында белгіленген мерзімде Биржа алған өтініш негізінде жүзеге асырылады.

Қор нарығының қаржы құралдарының сауда-саттықтарын осы Ережелердің 11-2 бабында көрсетілген жағдайлар орын алғанда тоқтату, сауда-саттық бөлімшесіне жетекшілік ететін, Биржа Басқармасы мүшесінің шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте қандай да бір борыштық бағалы қағаздар өтелген жағдайда олардың сауда-саттығын тоқтату Биржа Басқармасының осындай мүшесінің шешімісіз жүзеге асырылады.

Шетел валюталары мен туынды қаржы құралдарының сауда-саттығын ашу және тоқтату, осы тармақтың төртінші абзацында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Биржа Басқармасының шешімімен жүзеге асырылады.

Биржа Басқармасының шешімімен өзгесі белгіленбесе, қандай да бір туынды қаржы құралдарының сауда-саттықтарын тоқтату күні, Биржа Басқармасы бекітетін тиісті маманданымға сүйене отырып, белгіленеді.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы, 2020 жылдың 27 қазанындағы, 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 21 наурызындағы шешімдерімен өзгертілген)

7. Биржадағы сауда-саттық сипаттамасы, Биржаның "Сауда-клиринглік жүйелерде сауда-саттық өткізу әдістері туралы қағида" атты ішкі құжатында келтірілген, сауда-саттықты өткізу әдістеріне сәйкес жүргізіледі *(осы тармақ*

Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы және 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).

8. Қаржы құралдарының негізгі сауда-саттық әдісі үздіксіз қарсылама аукцион болып табылады. Қаржы құралдарының сауда-саттығын өткізудің резервтегі әдісі фиксинг әдісі болып табылады.
9. Бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу бойынша сауда-саттықтардың стандартты әдісі арнайы мамандандырылған сауда-саттық болып табылады, бұл сауда-саттық соның бастамасымен өткізілетін Биржа мүшесінің Биржамен келісе отырып, оның өзге әдісін таңдауға құқығын шектемейді.

Бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісінен өзгесін таңдаған жағдайда, осындай сауда-саттық өткізуді бастамалаған Биржа мүшесі бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу өткізуге дейін үш жұмыс күннен кешіктірмей Биржаға осындай орналастыру немесе кері сатып алу туралы жазбаша түрде ескертуі тиіс.
10. Биржа тұрақты негізде Орталық депозитарийден өзекті мәліметтерді алады:
 - 1) Орталық депозитарийде ашылған, жарияланған және сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған сауда-саттық шоттардың иелері туралы;
 - 2) бағалы қағаздар эмитенттерінің бизнес-сәйкестендіру нөмірлері туралы

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген)

11-1 бап. Сауда-саттық ашу

1. Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздардың сауда-саттығын ашу оларды бастапқы орналастыру мақсатында Биржаның "Сауда-клирингтік жүйелерде сауда-саттықты өткізу әдістері туралы қағида", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін орналастыру ережелері" және "Бағалы қағаздарға жазылым жүргізу ережелері" атт ішкі құжаттарына сәйкес ашылады" *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*
2. Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздар айналысы үдерісіндегі сауда-саттық (бұдан әрі осы бапта – сауда-саттық) Биржаның құрылымдық бөлімшесіне жетекшілік ететін, сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін Биржа Басқармасы мүшесінің шешімі бойынша Биржаның осы құрылымдық бөлімшесінің қызметтік жазбасы және осы бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашысының және олардың маркет-мейкерінің өтініші негізінде (егер маркет-мейкердің болуына талап белгіленсе) осы Ережелерде белгіленген мерзімде ашылады:
 - 1) Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап 3 ай ішінде – егер осы бағалы қағаздар "Акциялар" секторында болса, бұл ретте:
 - бағалы қағаздар IPO жүргізу мақсатында ресми тізімге алғаш рет енгізілген акциялар болып табылады, онда осы акциялардың сауда-саттығы IPO аяқталғаннан кейін, бірақ осы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап 6 айдан кешіктірілмей ашылуы тиіс;
 - жер қойнауын пайдаланушы акциялардың эмитенті болып табылады, онда осы акциялардың сауда-саттығы осы бағалы қағаздар биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап 3 ай ішінде немесе жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті өткізу

- (сату) жөніндегі сауда-саттыққа қатысуға жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті органның рұқсатын алған күннен бастап 3 ай ішінде (мерзімдердің қайсысы кешірек өтетініне байланысты) ашылуы тиіс;
- 2) Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап 3 ай ішінде немесе осы бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттық күнінен бастап 3 ай ішінде – мерзімдердің қайсысы кешірек аяқталатынына байланысты) – егер осы бағалы қағаздар "Негізгі" немесе "Баламалы" алаңының "облигациялар" санаты бойынша "Борыштық бағалы қағаздар" секторында болса;
 - 3) Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап 1 ай ішінде немесе осы бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттық күнінен бастап 1 ай ішінде (мерзімдердің қайсысы кешірек аяқталатынына байланысты) – егер осы бағалы қағаздар "Негізгі" немесе "Баламалы" алаңдарының "Коммерциялық облигациялар" санаты бойынша "Борыштық бағалы қағаздар" секторында болса;
 - 4) Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап 6 ай ішінде – егер бағалы қағаздар "Аралас" алаңының "Туынды бағалы қағаздар" немесе "Исламдық бағалы қағаздар" немесе "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" немесе "Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторында (шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар үшін) немесе "Негізгі" алаңының "Банктік депозиттік сертификаттар" секторында болса немесе егер бағалы қағаздар осы бағалы қағаздар эмитентінің міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылса;
 - 5) бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап 3 ай ішінде – осы бағалы қағаздар "Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторында болса *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 6) бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап 3 ай ішінде – осы бағалы қағаздар "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында болса *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.
3. "Аралас" алаңының "Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына енгізілген бағалы қағаздардың сауда-саттығы мынадай мерзімдерде ашылады:
- 1) бағалы қағаздарды шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарса – осы бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізген күннен кейінгі жұмыс күнінен бастап;
 - 2) бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі немесе жергілікті атқарушы органдар шығарған болса, осы бағалы қағаздарды Биржаның сауда-саттық жүйесіне орналастырған күннен кейінгі жұмыс күнінен бастап.
Бұл ретте, егер бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарса және Astana International Exchange ресми тізімінде болса, онда осы бағалы қағаздардың сауда-саттығы осы бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізген күннен кейінгі жұмыс күнінен бастап ашылады;
 - 3) Биржа Басқармасының шешімімен Биржа шығарған бағалы қағаздар бойынша тиісті өтініш берілмей.

4. Қандай да бір бағалы қағаздармен сауда-саттық осы баптың 2 тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мерзімдер ішінде ашылмаса, Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының қарауына (осы бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы қандай органдардың шешім қабылдауына байланысты) осы бағалы қағаздардың делистингі туралы мәселе шығарылады.

Бұл ретте осы баптың 2 тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мерзімдер өткенге дейін берілген рұқсаттама бастамашысының өтініші негізінде Биржаның Листингілік комиссиясының/Биржа Басқармасының шешімімен (осы бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу туралы қандай органдардың шешім қабылдауына байланысты) бағалы қағаздармен сауда-саттық ашу мерзімі мынадай негіздердің кез келгені бойынша ұзартылуы мүмкін:

- 1) IPO шеңберінде акцияларды орналастыру IPO аяқталғаннан кейін 6 ай ішінде жүзеге асырылмады;
- 2) осы бағалы қағаздарды ұстаушысы бір тұлға болып табылады;
- 3) осы бағалы қағаздардың сауда-саттығын көрсетілген мерзімде ашу мүмкін болмайтын өзге де себептер бар.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 10 наурызындағы шешімімен енгізілген)

11-2 бап.

Сауда-саттықты уақытша және біржола тоқтату

1. Бағалы қағаздардың сауда-саттығы Биржаның өзге ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайлар орын алған кезде, сондай-ақ Биржаның өзге де ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайларда уақытша тоқтатылуы мүмкін:

- 1) осы тармақтың 10) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Биржаның инвесторлардың мүдделерін елеулі түрде қозғайтын ақпарат алуы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
- 2) осы бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде осы бағалы қағаздармен операцияларды тіркеудің уақытша тоқтауы;
- 3) Орталық депозитарийдің осы бағалы қағаздарды есепке алуды уақытша тоқтатуы;
- 4) уәкілетті органнан қадағалау ден қою шараларын және/немесе шектеулі ықпал ету шараларын алу;
- 5) эмитенттің міндеттемелерді қайта құрылымдауды жүргізуі;
- 6) облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды шығару шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдауы:

эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларға ақы төлеу тәсілдері және олар бойынша кіріс алу туралы мәліметтер;

эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысқа жіберу, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген, облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған кезде;

ковенант (шектеулер) бар болса;

эмиссиялық бағалы қағаздарды айырбастау шарттары, мерзімдері және тәртібі (айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару кезінде);

осы мүліктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе жартылай қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитентінің мүлкі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша);

- облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты туралы;
- 7) осы Ережелерде маркет-мейкердің болуына қойылатын талап белгіленсе, бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің болмауы;
 - 8) (бағалы қағаздар акциялар болып табылса) акцияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру (осындай орналастыру кезеңіне);
 - 9) жалғыз сатушының (сатып алушының) осындай сату (осындай сатып алу, осындай кері сатып алу) кезеңінде сатылатын (сатып алынатын, кері сатып алынатын) бағалы қағаздарды сатуы, сатып алуы немесе кері сатып алуы;
 - 10) өз қызметін Америка Құрама Штаттарының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлғалар эмитенттері болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін бекіту, бұл ретте көрсетілген бағалы қағаздардың сауда-саттығы Биржа орталық контрагент функцияларын жүзеге асыратын репо операциялары бойынша ғана тоқтатыла тұруы мүмкін *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
2. Биржа Басқармасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары эмитентінің өтініші негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының сауда-саттығын уақытша тоқтату туралы және осы айналымда көрсетілген мерзімге шешім қабылдайды.
 3. Сауда-саттықты уақытша тоқтату туралы шешімді эмитенттер мен олардың бағалы қағаздарының мониторингін жүзеге асыратын Биржаның құрылымдық бөлімшесінің қызметтік жазбасы негізінде сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін Биржаның құрылымдық бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі қабылдайды. Сауда-саттықты уақытша тоқтату мерзімі Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 9-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларда көрсетілген облигацияларды шығару аңдатпасындағы мәліметтерді өзгерту мәселелері бойынша облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілген күннен бастап кезеңде облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қабылдаған шешім жарияланған күннен кейінгі күнге дейін осы облигациялармен сауда-саттық уақытша тоқтатылады.

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 9-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларда облигацияларды шығару шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы облигациялармен сауда-саттықты уақытша тоқтату мерзімі облигациялар шығару аңдатпасына енгізілетін өзгерістер мемлекеттік тіркелген күннен кейінгі күнге дейін ұзартылады.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 10 наурызындағы шешімімен енгізілген)

12 бап. Қаржы құралдарымен жасалған биржалық мәмілелер. Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді ресімдеу

1. Қаржылық құралдарымен жасалған биржалық мәмілелер деп, сауда-саттық қатысушыларының арасында осы Ережелерге және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес сауда-саттық барысында жасалған қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілелері мойындалады. Мәмілелер жасалды деп Биржаның сауда-саттық жүйесінде тіркелгеннен кейін жасалды деп саналады.
2. Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер биржалық куәлікпен ресімделеді.

3. Биржалық куәлік, биржалық сауда-саттық барысында қаржы құралдары бойынша мәмілелердің жасалғандығын, сондай-ақ Биржаның сауда-саттық жүйесінде осындай мәмілелердің тіркелуін куәландыратын құжат болып табылады.
4. Биржалық куәлік сауда-саттық қорытындысы бойынша Биржа мүшесіне электрондық түрде, ұсынылатын мәліметтердің құпиялылығын және өзгертілмеуін қамтамасыз ететін, криптографиялық қорғау құралдарын қолданумен кепілді жеткізілімнің сауда-саттық немесе тасымалдау жүйесі арқылы ұсынылады.
5. Биржа мүшесінің сауалы бойынша биржалық куәлік қағаздағы тасымалдағышта екі данада ресімделіп, бір данасы сауда-саттыққа қатысушының трейдеріне беріліп, ал екінші данасы Биржада қалады.
6. Биржада жасалған мәміленің талаптары, сондай-ақ, мәміле жасалғаннан кейін ресімделген, биржалық куәліктің мазмұны туралы ақпарат коммерциялық құпия болып табылып, осы мәміленің тарабы болып табылатын, сауда-саттық қатысушысының рұқсатысыз, осы баптың 7 тармағында қарастырылған ерекшеліктерді ескерумен, Биржамен үшінші тараптарға ашылуға жатпайды.
7. Биржалық сауда-саттықтар туралы ақпарат уәкілетті органға және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге мемлекеттік органға ұсынылады.

13 бап.

Бақылау және қамтамасыз ету жүйесі

1. Клиенттің мүддесіне мәмілелер жасасу мақсатында бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы сауда-саттыққа қатысушысын (бұдан әрі – сауда-саттықтың уәкілетті қатысушысы) осындай пайдаланушының клиентінің атынан мәмілелер жасасуға өкілдейді.
2. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесіне рұқсаттама келесілерге беріледі:
 - 1) қамтамасыз етуді басқаруды жүзеге асыру және сауда-клирингтік шоттарға қамтамасыз ету лимиттерін белгілеу мақсатында сауда-саттыққа қатысушыларға;
 - 2) қамтамасыз етуді басқару және олар тағайындаған сауда-саттыққа уәкілетті қатысушылардың өздерінің сауда-клирингтік шоттарына қамтамасыз ету лимиттерін белгілеу мақсатында, сондай – ақ олар бойынша Биржа орталық контрагент функцияларын жүзеге асыратын мәмілелер (бұдан әрі – ОК-пен жасалған мәмілелер) бойынша есеп айырысуларды қабылдау немесе беру арқылы немесе Биржа орталық контрагент функцияларын жүзеге асырмайтын мәмілелерді растау арқылы активтердің мақсатты орналастырылуын бақылау мақсатында бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушыларына;
 - 3) сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыларға сауда-клирингтік шоттарға қамтамасыз етуді басқару және қамтамасыз ету лимиттерін белгілеу мақсатында, сондай-ақ бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар беретін ОК-пен жасалатын мәмілелер бойынша өздерінің сауда-клирингтік шоттарына есеп айырысуларды қабылдау мақсатында.
3. Активтердің мақсатты орналастырылуын бақылау функцияларын жүзеге асыру және мәмілелер жасасуды қамтамасыз ету мақсатында биржада бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы ретінде тіркеу үшін кастодиан болып табылатын клирингтік қатысушы Биржаға осы Ережелердің 2 қосымшасындағы нысан бойынша өтініш ұсынуы қажет.
4. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесі пайдаланушысының бақылау және қамтамасыз ету жүйесіне рұқсаттама алуы "Биржаның сауда-саттық жүйелеріне рұқсаттама беру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес

жүзеге асырылады (осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы және 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімдерімен өзгертілген).

Оқыту аяқталғаннан кейін бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы осы Ережелердің 3 қосымшасындағы нысан бойынша өз қызметкерлерінің тізімін ұсынады.

5. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушысы Биржаға клирингтік қатысушы ретінде "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес клирингтік клиенттік кастодиандық шотқа қатысты сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыны тағайындау туралы өтініш беруі тиіс, оны пайдалана отырып, өзі тағайындаған сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы жасасқан, клирингтік клиенттік кастодиандық шоттың нөмірі туралы ақпаратты қамтитын мәмілелер расталатын және (немесе) орындалатын болады.
6. Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы, оған қатысты ол сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы болып тағайындалған, бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының клирингтік клиенттік кастодиандық шотын пайдалана отырып, осы Ережелердің 5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша, мәмілелері орындалатын екінші деңгейдегі сауда-клирингтік шотты тіркеу туралы Биржаға өтініш беруі тиіс, (осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген).
7. Биржаның сауда-саттық жүйесінің бақылау және қамтамасыз ету жүйесіне, бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушысының қызметкеріне берілген, жеке құпия сөзбен кіру бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы осы қызметкердің орындайтын әрекеттерден шығатын міндеттемелерді өз мойнына сөзсіз алатындығын білдіреді.
8. Активтердің мақсатты орналастырылуын бақылауды жүзеге асыру және бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы клиенттерінің мүддесінде жасалған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелердің орындалуын аудару мақсатында, ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының шотынан сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының шотына, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушының шотынан сауда-саттыққа бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының шотына, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушының шотынан бақылау және қамтамасыз ету шотына тиісті аударым операциялары қарастырылған.
Талаптар мен міндеттемелерді аударуды көздейтін операция мәміле жасалған сауда-саттық тәртіптемесіне сәйкес келуі тиіс.
9. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушыларына оның клирингтік клиенттік кастодиандық шотына байланыстырылған екінші деңгейдегі сауда-клирингтік шоттан жасалған мәмілелер бойынша мәліметтер берілетін деректердің құпиялылығы мен өзгермейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып, көпілдік берілген жеткізудің көліктік жүйесі арқылы электрондық түрде беріледі.
10. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушымен расталмаған ОК-пен жасалған мәмілелер, оларды жасасқан сауда-саттыққа қатысушының меншікті активтері есебінен "Орталық контрагенттің функцияларын орындаусыз бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды (гросс-есеп айырысулар) жүзеге асыру тәртібі" атты Биржаның жеке ішкі құжатында белгіленген тәртіппен және шарттарда орындалады.

Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы есеп айырысуға қабылдамаған ОК-пен жамсалған мәмілелер "Орталық контрагент функцияларын орындаумен бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатына

сәйкес бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының шоты бойынша орындалады.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы және 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)

11. Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы жасасқан ОК-пен мәмілелер бойынша Биржа алдындағы міндеттемелерді орындамағаны үшін оны тағайындаған бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы жауапты болады.

Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының өзі заңнаманы бұза отырып не орындалған мәміле параметрлерінің клиенттік бұйрықтың параметрлеріне сәйкес келмеуімен жасасқан мәмілелерді есеп айырысуға қабылдаудан өзінің сауда-клирингілік шотына уақтылы және/немесе негізсіз бас тартқаны үшін жауапкершілік бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы мен сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы арасындағы екі жақты келісім-шарттармен реттеледі.

14 бап. Маркет-мейкерлер

1. Қаржы құралдарының өтімділігін мен дамуын арттыру мақсатында Биржаның ішкі құжаттарында сауда-саттыққа қатысушының, Биржада саудалауға рұқсат етілген, қаржы құралдарына қатысты маркет-мейкер мәртебесін алу қарастырылған.
2. Маркет-мейкер белгілі бір қаржы құралы бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау міндеттемесін және қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін алудан туындайтын өзге де міндеттерді өз мойнына алады.
3. Маркет-мейкер мәртебесін Биржадағы мүшелік санатына сәйкес келетін биржалық сауда-саттыққа қатысып, мәмілелер жасасуға құқылы, Биржа мүшесі алуға құқылы.
4. Қандай да бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру және айыру тәртібі, сондай-ақ маркет-мейкер қызметін жүзеге асыру тәртібі "Маркет-мейкерлер туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленеді.

15 бап. Бағалы қағаздарды бағалау

1. Биржа бағалы қағаздардың бағалауын жүзеге асырады:
 - 1) "автоматты" әдіспен репо операцияларын жүзеге асыру кезінде репо операциясы затының санын, ашу мәмілесінің нақты сомасын, жабылу бағасын және репо операциясының жабылу мәмілесінің сомасын анықтау үшін;
 - 2) бағалы қағаздар бойынша нарықтық және индикативтік бағаларды анықтау үшін;
 - 3) Биржаның қаржы құралдарымен жасалаған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыруы кезінде пайдаланылатын қор нарығының қаржы құралдары бойынша есептік бағаларды анықтау үшін;
 - 4) Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған өзге мақсаттарда.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

2. Бағалы қағаздарды бағалау тәртібі "Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі" атты Биржаның ішкі құжатымен реттеледі.

16 бап. Биржада жасалатын мәмілелерді қадағалау

1. Жасасу параметрлері мен шарттары бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалғандығына кумәндануға негіз бола алатын, мәмілелер, бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалғандығын мойындау мақсатында құрылған, Биржаның сараптау комитетінің қарауына шығарылады. Сараптау комитеті, күмәнді мәмілелердің айла-шарғы жасау мақсатында жасалғандығын мойындауға қажетті және жеткілікті негіздердің бар-жоғы туралы пікірін білдіріп, тұжырымын береді.
2. Бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалған деп мойындауды сараптау комитетінің тұжырымын қарау қорытындысы бойынша уәкілетті орган жүзеге асырады.
3. Биржада бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалған деп мойынша тәртібі мен шарттары Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді айла-шарғы мақсатында жасалған деп мойындау, қор биржасының сараптау комитетін және оның жұмысын, сондай-ақ оның сандық құрамын қалыптастыру ережелерінде⁴ белгіленеді.
4. Биржа Қазақстан Республикасының 2009 жылдың 28 тамызындағы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет туралы" № 191-IV заңында қарастырылған, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет бойынша іс-шаралар қолданады.
5. Биржада жасалатын мәмілелердің қадағалау мақсатында, Биржа Орталық депозитарийден келесі ақпараттарды алып отырады:
 - 1) Орталық депозитарийде екі және одан аса шоттардың ұстаушылары туралы актуалды мәліметтерді тұрақты негізде;
 - 2) Биржаның сауалы бойынша ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер туралы мәліметтер.

5 тарау. МӘМІЛЕЛЕР БОЙЫНША КЛИРИНГ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР

17 бап. Клирингілік қызмет

1. Биржа мыналармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асырады:
 - 1) Биржа Басқармасының шешімдерімен қор нарығының қаржы құралдары тізіміне енгізілген, бағалы қағаздар, олармен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қазымтеін жүзеге асырады;
 - 2) валюталық нарықтың қаржы құралдары;
 - 3) деривативтер нарығының қаржы құралдары.
2. Биржаның клирингілік қызметін тек клирингілік қатысушылар ғана тұтынуға құқылы.
3. Биржаның қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті (осы қызмет Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңында анықталғандай) жүзеге асыру шарттары мен тәртібі, соның ішінде Биржаның клирингілік қызметі ретінде тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру және қызмет етуі және Биржаның орталық контрагент ретінде

⁴ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2018 жылдың 28 желтоқсанындағы № 319 қаулысымен бекітілген.

функцияларын жүзеге асыру ережелері Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелерінде реттеледі.

18 бап. Орталық контрагент қызметін жүзеге асыру

1. Биржа клирингтік қызметті орталық контрагенттің функцияларын орындаумен және орталық контрагенттің функцияларын орындаусыз жүзеге асырады.

Биржа клирингтік қызметті орталық контрагенттің функцияларын орындаумен жүзеге асырады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) Басқарма шешімімен жекелеген қаржы құралдары үшін өзгесі белгіленбесе, қор нарығында – ОК-пен тәртіптемесінде жасалған мәмілелер бойынша;
- 2) валюталық нарықта – барлық мәмілелер бойынша;
- 3) деривативтер нарығында - барлық мәмілелер бойынша.

Биржа ОК-сыз тәртіптемесінде жасалған мәмілелер бойынша қор нарығында орталық контрагенттің функцияларын орындаусыз клирингтік қызметті жүзеге асырады.

Биржа орталық контрагент қызметін жүзеге асыратын клирингтік қатысушылар жаресурсын қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерге ашық оферта механизмі қолданылады – орталық контрагент ретінде Биржаны мәмілелерге автоматты түрде қосу арқылы жасалған мәмілелер бойынша келісім-шарттық міндеттемелерді орындау тәсілі.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

2. Клирингтік қатысушылар мәмілелер жасасқаннан кейін жасалған мәміленің тараптарының новациясы жүзеге асады, Биржа Орталық контрагент функциясын атқару кезінде сатып алушы үшін сатушы, ал сатушы үшін сатып алушы болады. Осылайша, жасалған мәміле бойынша клирингтік қатысушылардың келісім-шарттық міндеттемелері мен талаптары автоматты түрде, әр бір клирингтік қатысушының Орталық контрагентпен ұқсас келісім-шарттық міндеттемелермен және талаптармен ауыстырылады.
3. Биржа, орталық контрагент функциясын атқара отырып, әр адал клирингтік қатысушының алдында, екінші клирингтік қатысушының Биржа алдында өз міндеттемелерін орындауына қарамастан, новация нәтижесінде туындаған жасалған мәміле бойынша міндеттемелердің орындалуын, "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес белгіленген, тәртіпте және шектеулерді ескерумен, кепілдейді.

19 бап. Мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру

1. Биржа орталық контрагент функциясын жүзеге асырмайтын бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша және ақша бойынша (репо операцияларын қоса алғанда) есеп айырысуларды Орталық депозитариймен саудасаттықты ұйымдастырушыға қызмет көрсету туралы жасалған келісім-шартқа сәйкес Орталық депозитарий өзінің ішкі құжаттарында және Биржаның "ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру ережелері" және "Орталық контрагенттің функцияларын орындаусыз бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібі (гросс-есеп айырысулар)" атты ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның*

Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы және 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).

2. Биржа орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер (репо операцияларын қоса алғанда) бойынша есеп айырысуларды Орталық депозитариймен жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушыға қызмет көрсету туралы келісім-шартқа сәйкес бағалы қағаздарға меншік құқығын тіркеу бөлігінде өзінің ішкі құжаттарында және "Клирингілік қызметті жүзеге асыру регламенті" және Орталық контрагенттің функцияларын орындаумен бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу тәртібі" атты Биржаларының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Орталық депозитарий жүзеге асырады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

Ақша аудару бөлігіндегі бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша, сондай-ақ шетел валютасымен және туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есептесулерді Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес оның есеп айырысу бөлімшесі жүзеге асырады:

- 1) қор нарығында – Қор нарығында орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелеріне сәйкес *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген);*
- 2) валюталық нарықта қазақстандық теңгемен және шетел валютасымен есеп айырысулардың тәртібі Шетел валютасының сауда-саттықтары бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелерінде белгіленеді;
- 3) мерзімдік нарықта – Деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелеріне сәйкес.

6 тарау. БИРЖАЛЫҚ АҚПАРАТ

20 бап. Биржалық ақпаратты тарату

1. Биржаның ақпараттық саясатына негізгі тәсілдемелері, соның ішінде Биржаның ақпаратын ашудың жалпы принциптері, Биржаның ақпаратын ашу және өзге тұлғалармен Биржа брэндін және/немесе тауарлық белгілерін басқа тұлғалармен қолдану бойынша өзара әрекеттесу тәртібінің негізгі қағидалары "Ақпараттық саясат" атты Биржаның ішкі құжатында анықталады.
2. Биржалық ақпараттың минималды құрамы, оны таратудың негізгі шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Биржаның биржалық ақпаратты таратуда жауапкершілігінің шамасы "Биржалық ақпаратты тарату ережелері" және "Биржалық ақпаратты коммерциялық негізде ұсыну шарттары туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжаттарында реттеледі.

21 бап. Биржалық индикаторлар

1. Қор нарығының индикаторларын есептеу әдістемесіне сәйкес Биржа қор нарығының индикаторларын есептейді.
2. Шетел валюталары нарығының индикаторларын есептеу әдістемесіне сәйкес, Биржа шетел валюталары нарығының индикаторларын есептейді.
3. Ақша нарығының индикаторларын есептеу әдістемесіне сәйкес, Биржа ақша нарығының индикаторларын есептейді.
4. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*

7 тарау. ҚОР НАРЫҒЫНДА САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

22 бап. Бағалы қағаздармен мәмілелер жасалады

1. Биржа мүшелері бағалы қағаздармен өз атынан және өз клиенттерінің есебінен (дилерлер) және олардың атынан (брокерлер) мәмілелер жасасуға құқылы.

Сауда-саттыққа қатысушы өз клиентінің атынан әрекет ететін брокер болса, онда ол комиссия туралы келісім-шарты болып табылатын брокерлік қызметтерді көрсету туралы келісім-шарт шеңберінде клиенттің бұйрығына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін немесе репо операциялары бойынша мәмілелер жасасуға міндетті *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.

Брокерлік қызметтер көрсету туралы келісім-шарт (комиссия туралы келісім-шарты) жасаспай өз клиентінің мүддесі үшін әрекет ететін брокерге қатысты және осындай қатысушының клиентінің және/немесе өзге үшінші тұлғаның Биржаға жүгінген жағдайда, Биржаның Директорлар кеңесі сауда-саттыққа осындай қатысушыдан 1 000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) өндіріп алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Осы баптың үшінші абзацында көрсетілген жағдай сауда-саттыққа бір қатысушыға қатысты бір және одан да көп рет қайталанса, Биржаның Директорлар кеңесі сауда-саттыққа осындай қатысушыны барлық санаттар бойынша Биржа мүшеллігінен шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Қор нарығында Биржаның сауда-саттық жүйелерінде ОК-пен мәмілелер жасасу, сондай-ақ ОК-сыз мәмілелер жасасу мүмкіндігі қарастырылған.

Сауда-саттық тәртіптемелерінде ОК-пен қаржы құралдарымен сауда-саттық өткізіледі, олар бағалы қағаздардың тұрпатына және мәмілелер жасасу кезінде қамтамасыз ету әдісіне қарай топтарға бөлінеді. Қандай да бір топқа кіретін барлық қаржы құралдары үшін олар саудалануы мүмкін сауда-саттық тәртіптемелерінің бірдей жиынтығы анықталған.

T+ Тізіміне кіретін бағалы қағаздар жартылай қамтамасыз ету шартымен ОК-пен сауда-саттық тәртіптемелеріне, "T+ Тізіміне" кірмеген бағалы қағаздар толық жабылу шартымен жіберіледі.

T+ Тізіміне кіретін бағалы қағаз толық жабу шартымен қандай да бір тәртіптемеде саудалануы мүмкін. T+ Тізіміне кіретін бағалы қағаз бойынша "қысқа сатуға тыйым салу" белгісі белгіленген жағдайда, бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерге қатысты барлық белгіленген тәртіптемелерде толық жабылу шартымен саудаланады.

Жартылай қамтамасыз ету шарттарында жасалатын мәмілелер бойынша қамтамасыз етуге қабылданатын бағалы қағаздар "T+ қамтамасыз ету тізімін" қалыптастырады.

T+ Тізімін және T+ Қамтамасыз ету тізімін Биржа Басқармасы "Қаржы құралдарын T+ Тізіміне және T+ Қамтамасыз ету тізіміне енгізу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес мерзімді негізде бекітеді және қайта қарайды және Биржаның интернет-ресурсында жарияланады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

3. ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде оларды қолдану мақсаттарына қарай келесі тәртіптемелер қарастырылған:

- 1) ОК-пен сауда-саттық тәртіптемелері;

- 1-1) ОК-сыз сауда-саттық тәртіптемелері *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;

- 2) "Есептесулерге аудару" тәртіптемелері;
- 3) Қамтамасыз етуді аудару" тәртіптемелері.
4. Осы баптың 3 тармағында санамаланған режимдер Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын Биржаның "ASTS+ сауда-клиринг жүйесінің сауда-саттық және операциялар режимдерінің тізімдері" жеке ішкі құжатымен бекітіледі (*данный пункт изменен решением Совета директоров Биржи от 27 октября 2020 года*).
5. Биржа орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын сатып алу-сату мәмілелерін жасасудың шарттары мен тәртібі "Орталық контрагенттің функцияларын орындаумен бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленеді.

Биржа орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асырмайтын сатып алу-сату мәмілелерін жасасудың шарттары мен тәртібі "Орталық контрагенттің функцияларын орындаусыз бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды (гросс-есеп айырысуларды) жүзеге асыру тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленеді.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы және 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).
6. Биржаның сауда-саттық жүйесінде репо операцияларын екі тәсілмен жүзеге асыру көзделген: – "тікелей" тәсілмен – тікелей мәмілелер жасасу әдісімен жүргізілетін сауда-саттықта және "автоматты" тәсілмен – үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен жүргізілетін сауда-саттықта (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*).
- 6-1. Осы Ережелердің 6 тармағында көрсетілген операциялар орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып және/немесе орталық контрагенттің қызметтерін пайдаланбай жасалады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген*).
7. Репо операцияларын жүзеге асыру шарттары мен тәртібі "ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру ережелері" атты және "Автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операцияларының маманданымы" атты Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен және 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген*).

23 бап.

Сыни жағдайларда уәкілетті органның ескертпесі

1. Биржа уәкілетті органға келесі сыни жағдайлардың туындауы туралы ескертпе жолдайды:
 - 1) ағымдағы күннің сауда-саттық сессиясында жасалған Биржаның ресми тізімінің "Премиум" санаты бойынша енгізілген қандай да бір атаудағы акциялармен жасалған соңғы мәміле бағасының осының алдындағы соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясы (яғни, оның барысында осы атаудағы акциямен ең болмағанда бір мәміле жасалған сауда-саттық сессиясы) барысында жасалған осы атаудағы акциямен соңғы орындалған мәміленің бағасына қатысты 15 және одан да көп пайызға өзгеруі;
 - 2) ағымдағы сауда-саттық сессиясында жасалған Биржаның ресми тізімінің "Премиум" санаты бойынша енгізілген қандай да бір атаудағы акциялармен жасалған соңғы мәміле бағасының ағымдағы сауда-саттық сессиясы барысында жасалған осы атаудағы акциямен бұрын орындалған мәміле бағасына қатысты 15 және одан да көп пайызға өзгеруі;

- 3) акциялар нарығының индексінің алдыңғы сауда-саттық күндегі осы индекстің соңғы мәніне қатысты 5 және одан аса пайызға өзгеруі.
- 4) акциялар нарығы индексінің ағымдағы сауда-саттық күні үшін осы индекстің бұрын қалыптасқан мәніне қатысты 5 және одан да көп пайызға өзгеруі.
2. Осы баптың 1 тармағында қарастырылған, сыни жағдайлар туралы уәкілетті органға ескертпе беру осындай жағдай орын алған күні алматылық уақытпен 17.50-ге дейін жүзеге асырылады.
3. Осы баптың 1 тармағында қарастырылған сыни жағдай туындаған кезде, маклер келесідей әрекеттерді жасайды:
 - 1) сыни жағдайға себеп болған, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында туындаған жағдайдың талдау нәтижелерін көрсетумен ескертпені қалыптастырады;
 - 2) қалыптастырылған ескертпені уәкілетті органға электронды пошта және/немесе факсимильді хабарлама⁵ арқылы жолдайды;
 - 3) уәкілетті органға жолданған ескертпені алғандығын бақылайды.

24 бап.

Сыни жағдайлардың туындауы себебімен сауда-саттықты уақытша тоқтату

1. Осы баптың мақсаттары үшін қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың бағасының өзгеруі осы атаудағы бағалы қағазбен ағымдағы сауда-саттық сессиясында жасалған, соңғы мәміле бағасының, алдыңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясы барысында жасалған, осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалып орындалған (осы атаудағы бағалы қағаздармен ең болмаса бір мәміле жасалған, сауда-саттық сессиясы барысында) соңғы мәміленің бағасына қатысты өзгеруі деп анықталады.
2. Биржа сауда-саттықтарды келесі жағдайларда уақытша тоқтатады:
 - 1) Биржаның ресми тізімінде "Премиум" санаты бойынша тұрған акциялардың бағасы, осының алдындағы сауда-саттық күні жабылар сәтте қалыптасқан, бағаға қатысты 30 және одан аса пайызға төмендеуі;
 - 2) акциялар нарығының индексінің осының алдындағы бірінші немесе екінші күнде қалыптасқан, осы индекстің соңғы мәніне қатысты 15 және одан аса пайызға төмендеуі кезінде, Биржа өзінің ресми тізімінде тұрған, барлық акциялардың сауда-саттықтарын уақытша тоқтатады;
 - 3) Эмитент уәкілетті органға борыштық қағаздардың шығарылым аңдатпасына, эмитенттің міндеттемесін қайта құрылымдау өткізумен байланысты өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы өтініш бергені туралы Биржа ескертпе алған кезде, Биржа аталған бағалы қағаздардың сауда-саттықтарын уақытша тоқтатады.
3. Биржа келесі жағдайларда бағалы қағаздардың сауда-саттығын уақытша тоқтатуға құқылы⁶:
 - 1) бағалы қағаздың бағасының 50 және одан аса пайызға өзгеруі;
 - 2) бағалы қағаздар сапасының инвесторлардың мүдделеріне елеулі қауіп төндіретіндей деңгейге дейін нашарлауы;

⁵ Электрондық пошта арқылы немесе факсимильді хабарлама түрінде жөнелтілетін ескертпелер Биржаның әдеттегі хат-хабарлары сияқты тіркелуге жатады.

⁶ Осы баптың 1 және 2 тармақтарында белгіленген, сауда-саттық автоматты түрде тоқтатылатын, жағдайларды қоспағанда.

- 3) Биржаның сауда-саттқы жүйесінің жұмысында техникалық жаңылыстар болу кезінде;
 - 4) бағалы қағаздар сауда-саттығының қатысушыларының барлығының, инвесторлардың және Биржаның мүдделеріне қауіп төндіретін, өзге де факторлар.
4. Осы баптың 2 тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген жағдайларда акциялардың сауда-саттығын уақытша тоқтату Биржаның сауда-саттық жүйесінде автоматты түрде жүзеге асырылады.
- Осы баптың 2 тармағының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда бағалы қағаздардың сауда-саттығын уақытша тоқтатуды, осы баптың 2 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген, өтініш берілу туралы ескертпені алған күні Биржа жүзеге асырылады.
- Биржа маклері, осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарында аталған, сауда-саттықтардың уақытша тоқтатылғаны туралы дереу, сауда-саттықтың өткізілуіне жетекшілік ететін, Биржа Басқармасы Төрағасының орынбасарына хабарлайды.
5. Осы баптың 2 тармағының 3) тармақшасында және 3 тармағында белгіленген, жағдайларда бағалы қағаздардың сауда-саттығын уақытша тоқтату Биржа Басқармасының шешімімен жүзеге асырылып, тоқтату мерзімі осы шешіммен анықталады.
 6. Осы баптың 2 және 3 тармақтарына сәйкес бағалы қағаздардың сауда-саттығы тоқтатылған сәттен бастап бір сағат ішінде Биржа осындай тоқтату туралы ескертпе береді:
 - 1) уәкілетті органға электронды пошта арқылы және/немесе факсимильді хабарламамен;
 - 2) Биржа мүшелеріне Биржаның Сауда-саттық жүйесінде тиісті хабарлама жариялау арқылы.
 7. Биржа уәкілетті органмен кеңесу өткізгеннен кейін уәкілетті органның бағалы қағаздардың сауда-саттығын уақытша тоқтатудың мерзімін ұзарту туралы ескертпесін алмаса, осы баптың 2 тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес тоқтатылған қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттығы келесі сауда-саттық күннен бастап осы атаудағы бағалы қағаздар солардың санына кіретін, бағалы қағаздардың сауда-саттығы қайта өткізіледі.
 8. Сауда-саттық тоқтатылған күні сауда-саттықты қайта жалғастыру келесі жағдайларда рұқсат етіледі:
 - 1) сауда-саттық трейдердің қатесі салдарынан уақытша тоқтатылса;
 - 2) сауда-саттық Биржаның сауда-саттық жүйесінде техникалық жаңылыстар себебінен уақытша тоқтатылса;
 - 3) егер уәкілетті органның сауда-саттықты қайта жалғастыру туралы өкімі келіп түссе.
 9. Осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасында белгіленген негіздер бойынша уақытша тоқтатылған бағалы қағаздардың сауда-саттық саттығы, борыштық бағалы қағаздар эмиссиясы аңдатпасына енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар мемлекеттік тіркеуден өтуі туралы эмитенттің ескертпесін алғаннан кейін, келесі сауда-саттық сессиясы басталумен бірге Биржа қайта жалғастырады.

8 тарау. ВАЛЮТАЛЫҚ НАРЫҚТА САУДА-САТТЫҚТАР ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

25 бап. Шетел валюталарымен мәмілелер жасасу

1. Биржа мүшелері өз атынан, өз активтері есебінен және/немесе клиенттердің активтері есебінен шетел валюталарымен мәмілелер жасасуға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

1-1. Осы баптың 1 тармағында анықталған сауда-саттыққа қатысушылардың құқықтарын ескере отырып, шетел валюталарымен мәмілелер жасасу меншікті және/немесе агрегацияланған клиенттік сауда-клирингілік шоттар бойынша жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.

1-2. Сауда-саттыққа қатысушының жеке сауда-клирингілік шотын тіркеу оны валюта нарығындағы сауда-саттыққа жіберу кезінде жүзеге асырылады.

Агрегацияланған клиенттік сауда-клирингілік шотты тіркеу үшін сауда-саттыққа қатысушы Биржаға осы Ережелердің 5-1 қосымшасының нысаны бойынша ресімделген, оған жасалатын мәмілелер өз клиенттерінің есебінен орындалатын, агрегацияланған клиенттік сауда-клирингілік шотты ашу туралы өтініш (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – өтініш) жіберуі тиіс.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)

1-3. Агрегацияланған клиенттік сауда-клирингілік шотты тіркеуді жою үшін сауда-саттыққа қатысушы Биржаға сауда-клирингілік шоттың тиісті кодын көрсете отырып, еркін нысанда өтініш жібереді.

Агрегацияланған клиенттік сауда-клирингілік шотты тіркеуді жою осы шот бойынша бұрын ашылған жайғасымдар толық жабылған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)

2. Шетел валюталарының нарығы шетел валюталарымен мынадай мәмілелер жасалатын екі сектордан тұрады:

1) Биржаның жекелеген ішкі құжаттарында белгіленген, есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімдері бар шетел валютасын сатып алу-сату мәмілелері және шетел валютасымен жасалатын операциялар (шартты түрде "қысқа мерзімді валюта своп" деп аталады);

2) базалық активі шетел валютасы болып табылатын, туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

2-1. "Валюталық" санатындағы Биржаның мүшесі уәкілетті органның қолданыстағы лицензиясы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығы болған кезде туынды қаржы құралдарымен сауда-саттыққа жіберіледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

2-2. Шетел валютасын сатып алу-сату мәмілелері және туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасалуы мүмкін сауда-саттық тәртіптемелері Биржа Басқармасы бекітетін және Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын "Валюта нарығындағы сауда-саттық тәртіптемелерінің тізімі" атты Биржаның ішкі құжатында анықталған *(осы тармақ Биржаның*

Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген).

3. Т+ Тізіміне кіретін шетел валюталарымен мәмілелер жартылай қамтамасыз ету шарттарында, Т+ Тізіміне кірмейтін шетел валюталарымен – толық өтеу шарттарында жасалады.
4. Валюталық своп операциясының немесе шетел валютасымен операцияның қатысушысы болып табылатын шетел валюталарымен сауда-саттыққа қатысушы үшін, егер осы операцияға кіретін есеп айырысуды жүзеге асырудың ертерек мерзімімен шетел валютасын сатып алу-сату мәмілесіне сәйкес осы сауда-саттыққа қатысушы шетел валютасын сатса және, керісінше, егер көрсетілген мәмілеге сәйкес шетел валютасын сатып алса, "сатып алу-сату" сипаты болады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған).*
5. Валюталық своп операциясының және шетел валютасымен жасалатын операцияның бағасы ретінде оның жабылуы мен ашылуы бағаларының арасындағы айырма пайдаланылады.

Валюталық своп операцияларын және шетел валютасымен операциялардың ашылу және жабылу бағалары Биржаның Басқармасы бекітетін "Валюталық своп операцияларының және шетел валютасымен жасалатын операциялардың маманданымы" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес анықталады.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

6. Туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық жүргізудің стандартты шарттары мен параметрлері Биржа Басқармасы бекітетін ерекшеліктермен анықталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген).*

26 бап. Шетел валюталарының сауда-саттықтарын уақытша тоқтату

1. Биржаның валюта нарығындағы сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін бөлімшесін үйлестіруге және бақылауға жауапты Биржа Басқармасы мүшесінің шешімімен барлық немесе жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттық "Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысындағы техникалық жаңылыстар кезіндегі мәселелерді шешу қағидалары" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес оны реттеу үшін техникалық жаңылыс туындаған жағдайда уақытша тоқтатылуы мүмкін.
2. Биржа Басқармасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша өкімі бойынша валюта нарығының барлық немесе жекелеген қаржы құралдарының сауда-саттығын осындай өкімде көрсетілген кезеңге уақытша тоқтатады.

(Данная статья изменена решениями Совета директоров Биржи от 17 марта 2020 года и от 19 марта 2020 года).

9 тарау. ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫНДА САУДА-САТТЫҚТАР ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

27 бап. Туынды қаржы құралдарының түрлері

1. Биржаның сауда-саттық жүйесінде туынды қаржы құралдарының екі секторы қызмет етеді:
 - 1) валюталық туынды қаржы құралдар, яғни, базалық активтері ретінде ұлттық және/немесе шетел валютасы қолданылатын, туынды қаржы құралдары;

- 2) қордың туынды қаржы құралдары, яғни, базалық активтері ретінде акциялар, облигациялар немесе қор нарығының индикаторлары қолданылатын, туынды қаржы құралдары.
2. Сауда-саттық заты ретінде қолданылатын, туынды қаржы құралының стандартты шарттары мен параметрлері, сондай-ақ, туынды қаржы құралы бойынша міндеттемелердің туындау, өзгеру және тоқтау тәртібі, Биржа Басқармасымен бекітілетін, оның маманданымында анықталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

28 бап. Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу

1. Сауда-саттыққа қатысушылар өз атынан және өз есебінен және/немесе өз клиенттерінің атынан және олардың есебінен туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға құқылы.
2. Осы баптың 1 тармағында анықталған сауда-саттыққа қатысушылардың құқықтарын ескере отырып, туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу меншікті және/немесе клиенттік сауда-клирингілік шоттар бойынша жүзеге асырылады.
3. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген сауда-клирингілік шотты тіркеу үшін сауда-саттыққа қатысушы Биржаға осы Ережелердің 6 қосымшасының нысаны бойынша ресімделген өзінің немесе клиенттік сауда-клирингілік шотты ашу туралы өтініш (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – өтініш) жіберуі тиіс, онымен жасалатын мәмілелер осындай қатысушының немесе оның клиентінің есебінен орындалатын болады.
4. Жеке не клиенттік сауда-клирингілік шотты тіркеудің күшін жою үшін сауда-саттыққа қатысушы Биржаға сауда-клирингілік шоттың тиісті кодын көрсете отырып, еркін нысанда өтініш жібереді.
Меншікті немесе клиенттік сауда-клирингілік шотты тіркеудің күшін жою осы шот бойынша бұрын ашылған жайғасымдар толық жабылған жағдайда ғана жүзеге асырылады.
5. Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу оның тараптарының өздерінің ерекшеліктеріне сәйкес туынды қаржы құралдары бойынша құқықтарды және/немесе міндеттемелерді сатып алуын білдіреді.
6. Туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелер Биржаның "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына және тиісті туынды қаржы құралдарының маманданымына сәйкес орындалады.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)

29 бап. Туынды қаржы құралдарының сауда-саттықтарын уақытша тоқтату

1. Нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және/немесе төменгі шекараларын, туынды қаржы құралының пайыздық тәуекелдерін бағалау диапазонының жоғарғы және/немесе төменгі шекараларын өзгерту қажеттілігі туындаған жағдайда, оның ішінде Биржаның "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес белгіленген шамаға сауда-саттық сессиясы барысында белгілі бір уақыт кезеңі ішінде туынды қаржы құралдары бағаларының ауытқуына байланысты Биржа аталған қаржы құралдарының көрсетілген шекараларын өзгерту үшін осы туынды қаржы құралының сауда-саттығын уақытша тоқтатады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

2. Осы баптың 1 тармағына сәйкес туынды қаржы құралдарымен сауда-саттықты уақытша тоқтату Биржаның сауда-саттық жүйесі автоматты түрде жүргізіледі.
3. Биржа мынадай жағдайларда барлық туынды қаржы құралдарының сауда-саттығын уақытша тоқтатуға құқылы:
 - 1) деривативтер нарығының жұмыс істеуі үшін елеулі қатер төндіретін сауда-саттыққа бір қатысушы немесе сауда-саттыққа бірнеше қатысушы дәрменсіз болған кезде;
 - 2) туынды қаржы құралдарымен қатарынан 30 сауда-саттық күн ішінде сауда-саттық болмаған кезде;
 - 3) Биржаның сауда-саттық жүйесінің жұмысында техникалық жаңылыс болған кезде.
4. Осы баптың 3 тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлардың кез келгені басталған кезде туынды қаржы құралдарымен сауда-саттықты уақытша тоқтату Биржа Басқармасының шешімі бойынша ғана жүргізілуі мүмкін. Биржа Басқармасының туынды қаржы құралдарымен сауда-саттықты уақытша тоқтату туралы шешімінде мұндай уақытша тоқтатудың себептері мен мерзімі туралы мәліметтер болуы тиіс.
5. Осы баптың 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған жағдайлардың кез келгені басталған кезде белгілі бір туынды қаржы құралы бойынша сауда-саттықты уақытша тоқтатқан жағдайда, осындай уақытша тоқтату сәтінде қолданыстағы осы туынды қаржы құралын сатып алуға немесе сатуға арналған барлық өтінімдерді Биржа жояды.

Осы баптың 3 тармағының 3) тармақшасында қарастырылған жағдай туындаған кезде Биржа сатуға және сатып алуға арналған өтінімдердің күшін жоятын шарт Биржаның "Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысындағы техникалық жаңылыстар кезінде мәселелерді шешу ережелері" атты ішкі құжатында белгіленген.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)

10 тарау. БИРЖАҒА ТӨЛЕНЕТІН ЖАРНАЛАР МЕН АЛЫМДАР

1. Биржа мүшелері және басқа да жалпыға ортақ Биржа қызметтерін тұтынушылар төлеуі тиіс, мүшелік жарналар мен биржалық алымдардың құрамы мен мөлшері, осындай жарналар мен алымдарды төлеудің мерзімдері мен тәртібі, сондай-ақ оларды төлемегені, толық төлемегені немесе уақтылы төлемегені үшін жауапкершілік "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатында анықталады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы қағидада белгіленгеннен басқа, Биржаның өзге ішкі құжаттарында Биржа мүшелерінің Биржа пайдасына төлеуі тиіс алымдардың түрлері анықталуы мүмкін, бұл жағдайда осындай алымдардың көлемдері (мөлшерлемелері), алымдарды төлемеу, толық төлемеу, уақтылы төлемеу үшін жауапкершілік анықталады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Листингілік алымдардың мөлшерлемелері, олардың көлемдерін есептеу тәртібі, сондай-ақ листингілік алымдарды төлеу мерзімдері мен тәртібі Листингілік алымдардың көлемін, төлеу мерзімдерін және тәртібін анықтау ережелерінде анықталады.

3. Биржаның ақпараттық өнімдерін немесе Биржаның ақпараттық өнімдерінің бір бөлігін, сондай-ақ Биржаның ақпараттық өніміне негізделген, ақпаратты, соның ішінде туында ақпаратты тұтынатын және/немесе тарататын тұлғалардан Биржа Директорлар кеңесі бекіткен, тиісті алымдарды өндіріп алады.

11 тарау. БИРЖАНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

30 бап. Биржаның жауапкершілігі

Биржа өз міндеттерін орындамағаны және/немесе тиісті орындамағаны үшін Биржаның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады:

- 1) Биржаның клирингтік ұйым және орталық контрагент ретінде жауапкершілігі "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатында анықталған;
- 2) Биржаның есеп айырысу ұйымы ретінде жауапкершілігі Шетел валюталарының сауда-саттықтарының нәтижелері бойынша есеп айырысу мерзімін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы қағидада анықталған;
- 3) Сондай-ақ Биржаның жауапкершілігі келесі құжаттарда анықталған:
 - "Мүшелік туралы қағида";
 - "Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысындағы техникалық жаңылыстар кезінде сұрақтарды шешу ережелері" (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген*);
 - "Биржалық ақпаратты тарату ережелері";
 - "Ақпараттық саясат";
 - "Сауда-саттық жүйесімен қашықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс жасау ережелері";
 - "Биржа мүшелерінің мониторингін жүзеге асыру тәртібі";
 - "Листингтік ережелер".

31 бап. Биржа мүшелерінің және клирингтік қатысушылардың жауапкершілігі

1. Биржа мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасы мен, міндетті болып табылатын, Биржаның барлық ішкі құжаттарының талаптарын орындауға міндетті. Ішкі құжаттардың талаптарын орындамаған жағдайда Биржа ықпалшаралар қолданады.
2. Биржа мүшесі Биржа өткізетін сауда-саттықтарда өзі жасасқан мәмілелері бойынша, бұл мәміле кімнің тапсырысымен, кімнің есебінен және кімнің мүддесіне жасалғанына қарамастан, өзі жауапты болады.
3. Биржаның сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде қызметін реттейтін, ішкі құжаттарында сауда-саттық қатысушыларына қатысты Биржаға немесе мәміленің басқа қатысушысына айыппұл/тұрақсыздық төлемін төлеу түрінде ықпалшаралар қолданылуы мүмкін жағдайлар анықталған.
4. Клирингтік қатысушы өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Биржа клирингтік қатысушыларға Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелеріне сәйкес есептелген, тұрақсыздық төлемін төлеу туралы талаптарын жолдайды.

32 бап. Биржалық мәмілелермен байланысты дауларды қарау тәртібі

Сауда-саттыққа қатысушылары арасында, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушысы мен Биржаның арасында туындаған даулар мен келіспеушіліктер "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді жүзеге асыру үдерісінде туындайтын, даулар мен шиеленістерді шешу тәртібі" атты Биржаның жеке ішкі құжатына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттелуі тиіс.

33 бап. Өзге дауларды қарау тәртібі

Биржа мүшелерінің арасындағы дауларды, сондай-ақ Биржа мен оның мүшелері арасындағы даулар, осы Ережелердің 30 бабында аталғандарды қоспағанда, сот тәртібінде шешіледі.

12 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Ережелер Биржаның интернет-ресурсында жариялануы тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Осы Ережелердің талаптарын орындауды қамтамасыз ету, осы Ережелерге уақтылы өзгертулерді және/немесе толықтыруларды енгізуге (актуалдылауға) жауапкершілік Басқармаға жүктеледі.
3. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай немесе осы Ережелерде көрсетілген Биржаның өзге ішкі құжаттарының актуалдылануына қарай, бірақ осы Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жыл сайын кемінде бір рет актуалдылануы тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген

Негізгі шартты белгілердің ГЛОССАРИЙІ

1. Осы Глоссарийдің мақсаттары үшін шартты белгілер деп қолданыста заңнамада жоқ қандай да бір нысанның, құбылыстың немесе уақиғаның ауызша атауы, жазылуы, оқылуы, қабылдануы және түсінілуі ыңғайлы болу үшін және қолданысы шектеулі (мысалы, бір құжаттың немесе өзара ұқсас бірнеше құжаттардың тобының мақсаттары үшін) нысанның (құбылыстың, уақиғаның) қысқартылған атауы.
2. Осы Глоссарийде келтірілген негізгі шартты белгілер Биржаның ішкі құжаттарында да, оның қызметтік құжаттамасында және хат-хабарларында қолданылады.
Қосымша шартты белгілердің анықтамасын ашу, осы қосымша шартты белгілер қолданылатын, Биржаның ішкі құжаттарында, қызметтік құжаттарда жүзеге асырылады.
Биржаның ішкі құжаттарында қысқартулар тек кестелер мен графикалық (иллюстрациялық) бөлімдерде қолданылады, ал кейбір жалпы қабылданған қысқартулар (мысалы, "№", "%", "АҚ", "қ." ("қаласы" мағынасында), "қаз.", "млн", "млрд", "ауд.", "қара.", "мың", "тіл.") Биржаның ішкі құжаттарының мәтіндік бөлімдерінде де қолданылуы мүмкін.
3. Биржа, ең алдымен Биржа мүшелерінің қолдануына арналған, өзінің ішкі құжаттарында осы құжаттарда қолданылатын және осы Глоссарийде келтірілген, шартты белгілердің анықтамаларын келтірмейді.
4. Осы Глоссарийдің 5 тармағында Биржа сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде қызметінде қолданатын, негізгі шартты белгілердің тізімін келтірген.
5. Биржа өз қызметінде төменде тізілген, негізгі шартты белгілерді қолданады, олар мынаны білдіреді:
 - 1) **"is2in жүйесі"** немесе **"is2in"** – (ағыл.: Issuers to Investors, "эмитенттерден инвесторларға") рұқсаттама бастамашыларына Биржаға құжаттар мен ақпараттық хабарламаларды электрондық түрде ұсынуға (қағаздағы нұсқаларын беру қажеттілігісіз) содан кейін осындай құжаттар мен хабарламаларды автоматты тәртіпте Биржаның интернет-ресурсында орналастыруға мүмкіндік беретін, бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы мен Биржаның арасында электрондық құжатайналымның арнайы мамандандырылған жүйесі (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) **"инвестициялық қордың активтері"** (шетелдік инвестициялық қорларға қатысты қолданымды) – Биржамен шетелдік акционерлік инвестициялық қор ретінде қарастырылатын, немесе Биржамен шетелдік пайлық инвестициялық қор ретінде қарастырылатын, заңды тұлғаға тиесілі, активтердің жиынтығы;
 - 3) **"акционерлік инвестициялық қор"** (шетелдік заңды тұлғаларға қатысты қолданымды) – тіркеген мемлекеттің заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында қызмет ететін және инвестициялық қор ретінде мойындалатын, заңды тұлға;
 - 4) **"жарияланған акциялар"** (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, акцияларға қатысты қолданымды) – осы акцияларды шығарған акционерлік қоғамды тіркеген мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылымы тіркелген, акциялар;
 - 5) **"орналастырылған акциялар"** (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, акцияларға қатысты қолданымды) – бағалы қағаздардың бастапқы нарығында сатылған, жарияланған акциялардың санына жататын акциялар;

- 6) **"акция"** (Қазақстан Республикасынан өзге мелекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, бағалы қағаздарға қатысты қолданымды) – акционерлік қоғамды тіркеген мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы акционерлік қоғаммен шығарылатын және осы бағалы қағазды ұстаушының осы акционерлік қоғамды басқаруға қатысуға, осы бағалы қағаз бойынша дивиденд алуға және осы акционерлік қоғам жойылған кезде мүлігінің бөлігіне құқығын, сондай-ақ аталмыш заңнамада қарастырылған, өзге де құқықтарын растайтын, бағалы қағаз;
- 7) **"артықшылықты акция"** (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, акцияларға қатысты қолданымды) – әдеттегі жағдайда осы акцияны ұстаушысының осы акцияны шығарған акционерлік қоғамды басқаруға қатысу құқығын қарастырмайды, алайда оның орнына осы акционерлік қоғамның осы акцияны ұстаушының жай акциялардың меншік иелерінің алдында осы акция бойынша алдын ала кепілденген көлемде дивиденд және осы акционерлік қоғамның жойылуы кезінде мүлігінің бір бөлігіне құқық береді;
- 8) **"жай акция"** (Қазақстан Республикасынан өзге, мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, акцияларға қатысты) – осы акцияны шығарған акционерлік қоғамның басқаруына қатысуға сөзсіз құқығын тұспалдайтын, акция;
- 9) **"андеррайтер"** (шетелдік заңды тұлғаларға қатысты) – оны тіркеген мемлекеттік заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға және эмитенттің шығарған бағалы қағаздарын орналастыру бойынша оған қызмет көрсететін, заңды тұлға;
- 10) **"Биржа маклерінің ассистенті"** немесе **"маклердің ассистенті"** (Биржа қызметкерлеріне қатысты) – қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу бойынша функциялар атқаратын, маклерден өзге, Биржаның қызметкері;
- 11) **"брокер"** (шетелдік заңды тұлғаларына қатысты) – оны тіркеген мемлекеттің заңнамасына сәйкес, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыруға, яғни, бағалы қағаздармен және басқа да рұқсат етілген қаржы құралдарымен клиенттерінің есебінен және оның мүддесіне мәмілелер жасасу қызметін жүзеге асыруға құқығы бар, заңды тұлға;
- 12) **"уақыттық база"** – "қандай да бір кезеңнің шартты және нақты ұзақтылығы / жылдағы нақты күндер саны" арақатынасымен көрсетілетін, борыштық бағалы қағаз (облигация) бойынша сыйақы сомасын есептеу мақсатында қандай да бір даталар арасындағы күндер санын анықтау шарты;
- 13) **"қаржы құралын кері сатып алу"** – өзі шығарған қаржы құралын осы эмитентпен немесе брокермен осы эмитенттің есебінен және оның мүддесіне қаржы құралды сатып алуы;
- 14) **"репо жабылу датасы"** немесе **"жабылу датасы"** (репо операцияларына қатысты) – репо операциясының қатысушыларымен немесе сауда-саттық жүйесімен репо операциясын орындау үшін белгіленген, күн;
- 15) **"репо ашылу датасы"** немесе **"ашылу датасы"** (репо операцияларына қатысты) – репо ашылу мәмілесін жасасқан күн;
- 16) **"үлеспұл ұстаушысы"** (шетелдік үлеспұлдық инвестициялық қорларға қатысты) үлеспұлдың меншік иесі болып табылатын, тұлға;
- 17) **"дилер"** (шетелдік заңды тұлғаға қатысты) – оны тіркеген мемлекеттің заңнамасына сәйкес, бағалы қағаздар нарығында дилерлік қызметті, яғни, ұйымдастырылмаған және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына тікелей рұқсаттама құқығымен бағалы қағаздармен және басқа да рұқсат етілген қаржы құралдарымен өз есебінен және өз мүддесіне мәмілелер жасасу бойынша қызметті жүзеге асыруға құқығына иеленген, заңды тұлға;
- 18) **"дисконттың борыштық бағалы қағаздар"** немесе **"дисконттық облигация"** – номиналды құнынан төмен бағамен орналастырылатын, осы бағалы қағаз бойынша сыйақы дисконт болып табылып, шығарылым шарттарына сәйкес осы бағалы қағаздың (облигацияның) иесіне эмитенттен айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін осы бағалы қағаздың номиналды құнын алуға құқық беретін, борыштық бағалы қағаз;

- 19) **"индекстелген борыштық бағалы қағаз"** немесе **"индекстелген облигация"** – номиналды құны және/немесе ол бойынша сыйақысы шығарылым шарттарына сәйкес қандай да бір көрсеткіштің өзгеруіне қарай (қандай да бір көрсеткіш бойынша индексация) өзгеретін, борыштық бағалы қағаз (облигация);
- 20) **"купондық борыштық бағалы қағаз"** немесе **"купондық облигация"** – шығарылым шарттарына сәйкес осы бағалы қағаздың (облигацияның) иесіне эмитенттен осы бағалы қағаздың (облигацияның) белгіленген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін номиналды құнын, сондай-ақ купон (купондар) түрінде ол бойынша сыйақы алуға құқық беретін, борыштық бағалы қағаз (облигация);
- 21) **"купоны құбылмалы борыштық бағалы қағаз"** немесе **"купоны құбылмалы облигация"** – шығарылым шарттарына сәйкес бағалы қағаз (облигация) купонының мөлшерлемесі айналыс мерзімі барысында өзгертілуге жататын, бастапқыда шектеулі купондық кезеңдердің санына белгіленетін, және, тиісінше, қалған купондық кезеңдерге қатысты белгісіз болатын, купондық индекстелген борыштық бағалы қағаз (облигация);
- 22) **"бағалы қағаздарды қосымша орналастыру"** – қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың орналастырылуы тұспалданбаған немесе орналастыру бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттықтарының алдыңғы итерациясы барысында орналастырылмаған, бағалы қағаздарды орналастыру;
- 23) **"борыштық бағалы қағаздардың кірістілігі"** немесе **"облигациялардың кірістілігі"** – борыштық бағалы қағазды (облигацияны) өтеген (айналыс мерзімі аяқталған) кезде сатып алушы үшін, осы бағалы қағаз (облигация) бойынша сыйақы ретінде алынған сомаларды қайта инвестициялау мүмкіндігін қоспағанда, борыштық бағалы қағаз (облигация) бойынша күтілетін кірістіліктің пайыздық көрсетілімдегі көрсеткіші;
- 24) **"өтінім"** – қандай да бір қатысушымен мәміле жасасу үшін берілген өтінім; қандай да бір сауда-саттыққа қатысушысының осы жарияланым шарттарымен немесе осы жарияланымды беру рұқсат етілген шарттармен, мәміле жасасуға ниеті туралы жарияланымы;
- 25) **"қарсылама өтінім"**:
(қандай да бір атаудағы қаржы құралын сатуға қолданыстағы өтінімге қатысты) – осы атаудағы қаржы құралын сатып алуға өтінім;
(қандай да бір атаудағы қаржы құралын сатып алуға өтінімге қатысты) – осы атаудағы қаржы құралын сатуға өтінім;
- 26) **"қолданыстағы өтінім"** – Биржа қабылдаған, осы өтінімді берген сауда-саттыққа қатысушысымен толық көлемде қанағаттандырылмаған және онымен немесе Биржамен жойылмаған, өтінім;
- 27) **"бәсекелі өтінім"** – "шектелімді" өтінім деген сияқты;
- 28) **"шектелімді өтінім"** – қандай да бір қаржы құралын сатуда немесе сатып алуда қалайтын бағасы көрсетілген, өтінім;
- 29) **"қолданыстағы емес өтінім"** –
Биржа қабылдамаған, өтінім; немесе
толық көлемде қанағаттандырылған, өтінім; немесе
Биржа қабылдаған, толық көлемде қанағаттандырылмаған, осы өтінімді берген сауда-саттыққа қатысушысы немесе Биржа жойыған, өтінім;
- 30) **"бәсекелі емес өтінім"** – "нарықтық өтінім" деген сияқты;
- 31) **"шектелімді емес өтінім"** – "нарықтық өтінім" деген сияқты;
- 32) **"тікелей өтінім"** (тікелей мәмілелер жасасу әдісін қолданғанда) – қандай да бір сауда-саттыққа қатысушысына бағытталған және тек осы сауда-саттыққа қатысушысының көруіне арналған, өтінім;

- 33) **"нарықтық өтінім"** – қандай да бір атаудағы қаржы құралын сатуда немесе сатып алуда қалайтын бағасы көрсетілмеген, және, осы өтімді берген, сауда-саттыққа қатысушысы осы өтінім қанағаттандырылуы мүмкін болатын, кез келген бағамен мәміле жасасуды қалайтын, өтінім;
- 33-1) **"мүліктік кепілдік қоры"** немесе **"мүліктік пул"** – Биржа қор нарығында қалыптастырған клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету үшін клирингілік қатысушылар енгізетін бағалы қағаздар мен ақшаның, оның ішінде шетел валютасындағы оқшауланған жиынтығы (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген*);
- 34) **"инвестициялық қор"** (шетелдік заңды тұлғаларға немесе, Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттік заңнамасына сәйкес құрылған, активтердің жиынтығына қатысты) – Биржа оны шетелдік акционерлік инвестициялық қор ретінде қарастыратын, немесе Биржа оны шетелдік үлеспұлдық инвестициялық қор ретінде қарастыратын, заңды тұлға;
- 35) **"инвестор"** – қаржы құралдарын сатып алған немесе сатып алуды көдеген, тұлға;
- 36) **"борыштық бағалы қағаздың индекстелген номиналды құны"** немесе **"облигацияның индекстелген номиналды құны"** – қандай да бір көрсеткіш бойынша индекстелген, индекстелген борыштық бағалы қағаздың (облигацияның) номиналды құны;
- 37) **"шетелдік заңды тұлға"** – "Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы" терминінің анықтамасына сәйкес келетін, заңды тұлға;
- 38) **"демеуленген рұқсаттама клиенті"** немесе **"SMA-клиенті"** – сауда-саттыққа қатысушысымен ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде соның есебінен және мүддесіне, тапсырыстарды қосалқы жүйесі арқылы өңдеу арқылы аталмыш сауда-саттыққа қатысушысына берілетін, тапсырыстар негізінде мәмілелер жасасуға келісім-шарт жасасқан тұлға;
- 39) **"сауда-саттық итерациясы"** немесе **"итерация"** (дискреттік сауда-саттықтарға қатысты) – дискреттік сауда-саттықтардың дербес кезеңі;
- 40) **"есептесулер коды"** – қамтамасыз ету әдісін және есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімін анықтайтын код;
- 41) **"кастодиан"** (шетелдік заңды тұлғаларға қатысты) – оны тіркеген мемлекеттің заңнамасына сәйкес, бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар, заңды тұлға, яғни оның мынадай құқығы бар:
басқа тұлғаларға тиесілі қаржы құралдары мен ақшаны есепке алуды жүзеге асыру немесе сақтау;
осы қаржы құралдары мен ақшаны сақтау бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдай отырып, осы қаржы құралдары мен ақша бойынша құқықтарды растауға;
кастодиан клиентінің мүддесіне сауда-саттыққа қатысушымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды қабылдау.
- 42) **"клирингілік шот"** – Биржаның "Клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатында анықталған, ұғым.
- 42-1) **"клирингілік қатысу сертификаты"** немесе **"КҚС"** – орталық контрагенттің функцияларын орындайтын клирингілік ұйым ретінде Биржа шығаратын, Биржаның мүліктік кепілдік қорындағы активтердің үлесіне оның иесінің құқығын куәландыратын эмиссиялық емес бағалы қағаз (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген*);
- 43) **"ақпараттың құпиялылығы"** немесе **"құпиялылық"** – ақпаратты алу, сақтау, өңдеу немесе беру және осындай ақпаратты тұлғалардың шектелген тобына ұсыну барысында, осы ақпаратты қорғауды тұспалдайтын, ақпараттың сипаты;

- 44) **"корпоративтік уақиға"** (шетелдік эмитенттерге қатысты қолданымды) – эмитенттің қызметіне елеулі ықпал ететін және ол шығарған қаржы құралдарын ұстаушыларының мүдделерін қозғайтын, эмитент қызметіндегі уақиға;
- 45) **Биржаның Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шоты** – Биржаның "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ-дағы корреспонденттік мультивалюталық шоты, тек қор нарығының клирингілік қатысушыларына, орталық контрагенттің функцияларын орындай отырып, клирингілік қызмет көрсету үшін арналған;
- 46) **"баға белгілеу"** (қаржы құралдарынан өзге бағалы қағаздарға қатысты қолданымды) – "шектелімді өтінім" сияқты;
- 47) **"индикативті баға белгілеу"** – оны берген сауда-саттыққа қатысушысының осы өтінімнің шарттары бойынша мәміле жасасуға міндеттемейтін, өтінім;
- 48) **"міндетті баға белгілеу"** – маркет-мейкердің қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша өз міндеттемесін орындау шегінде берген, және маркет-мейкердің осы өтінімнің шарттары бойынша мәміле жасасуға сөзсіз келісінмін білдіретін, қандай да бір атаудағы қаржы құралын сатып алуға немесе сатуға өтінімі;
- 49) **"ең үздік міндетті баға белгілеу"** – маркет-мейкердің жариялаған міндетті баға белгілеуінде көрсетілген қандай да бір атаудағы қаржы құралын сатып алуға (сатуға) осы атаудағы қаржы құралын сатушылары (сатып алушылары) үшін, маркет-мейкердің осы атаудағы қаржы құралын сатып алуға (сатуға) қолданыстағы міндетті басқа қалған баға белгілеулеріндек көрсетілген бағаларына қарағанда ең тиімді болып табылатын, маркет-мейкердің міндетті баға белгілеуі;
- 50) **"тікелей баға белгілеу"** – "индикативті баға белгілеу" сияқты;
- 50-1) **"кросс-сделки"** – сауда-саттыққа қатысушының бір клиентінің мүддесі үшін қарама-қарсы бағыттағы өтінімдер негізінде жасалған мәмілелер (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген*);
- 51) **"купондық кезең"** – купондық борыштық бағалы қағаз период, за который выплачивается один купон по купонной долговой ценной бумаге (облигации);
- 52) **"Биржа маклері"** немесе **"маклер"** (Биржа қызметкерлеріне қатысты) – қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу бойынша функцияларды атқаратын және, осындай функцияларды орындайтын, Биржаның басқа қызметкерлері арасында ең жоғарғы өкілеттілікке ие, Биржа қызметкері;
- 53) **"халықаралық қаржы ұйымы"** немесе **"ХҚҰ"** – халықаралық қаржы аясында халықаралық келісім-шарт негізінде құрылған, ұйым;
- 54) **"қадағалаушы"** (Биржаның сауда-саттық жүйесіне қатысты) – Биржаның сауда-саттық жүйесінде сауда-саттықтың барысы мен нәтижелерін қарауға құқылы, жеке немесе заңды тұлға;
- 55) **"қаржы құралдарының атаулары"** – бір тұрпаттағы, шығарылу, орналастырылу, айналыста болу және өтелудің бірдей шарттарымен біріктірілген (егер осы қаржы құралдарының өтелуі қарастырылған болса), сондай-ақ белгілері мен деректемелері бірдей, қаржы құралдарының жабық жиынтығы;
- 56) **"үлеспұлдың номиналды құны"** (шетелдік үлеспұлдық инвестициялық қорларға қатысты) – үлеспұлдық инвестициялық қорларда үлеспұлдарды орналастырғандағы үлеспұлдың ақшалай мәні;
- 57) **"Биржаның сауда-саттық алаңында айналыста болу"** немесе **"сауда-саттық алаңда айналыста болу"** (Биржаға қатысты) – Биржаның осы сауда-саттық алаңында жасалатын, мәмілелердің заты ретінде қандай да бір атаудағы қаржы құралын қолдану мүмкіндігі;
- 58) **"автоматты репо операциясы"** – "автоматты әдіспен" (автоматты репо нарығында үздіксіз қарсылама әдіспен өткізілетін сауда-саттықтарда) жүзеге асырылатын, репо операциясы;
- 59) **"валюталық своп операциялары"** – сауда-саттыққа қатысушылардың туынды қаржы құралы болып табылатын келісім-шартты жасасуы, оған сәйкес тараптар болашақта

- келісілген талаптарда базалық активтер бойынша міндеттемелерді орындау туралы келіседі, бұл ретте осындай келісім-шарттың талаптарының бірі оның шеңберінде есеп айырысуды жүзеге асырудың неғұрлым кеш мерзімімен міндеттемелерді орындау есеп айырысуды жүзеге асырудың неғұрлым ерте мерзімімен міндеттемелерді орындаған күннен бастап үшінші жұмыс күнінен ерте басталмайтындығы болып табылады (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген*);
- 60) **"кері репо операциясы"** (репо операциясының жеке қатысушына қатысты қолданымды) – қатысушысы репо сатып алушысы болып табылатын, репо операциясы;
- 61) **"тікелей репо операциясы"** – "тікелей" әдіспен (тікелей мәмілелер жасасу әдісімен өткізілетін сауда-саттықтарда) жүзеге асырылатын, репо операциясы;
- 61-1) **"шетел валютасымен операция" (шартты түрде "қысқа мерзімді валюталық своп" деп аталады)** – есеп айырысуды жүзеге асырудың неғұрлым кеш мерзімімен мәмілені орындау есеп айырысуды жүзеге асырудың неғұрлым ерте мерзімімен мәмілені орындаған күннен бастап екінші жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын жағдайда, сол бір шетел валютасының бір санымен бір шетел валютасының бір санымен бір-біріне қарама-қарсы және биржалық сауда-саттыққа бір мезгілде екі қатысушы арасында жасалатын, олар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімдерімен өзара ерекшеленетін екі сатып алу-сату мәмілесінің жиынтығы (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген*);
- 62) **"қадағалаушы ұйым"** (Биржаның сауда-саттық жүйесіне қатысты қолданымды) – Биржаның сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық юридическое лицо, имеющее право просмотра хода и результатов торгов в торговой системе Биржи;
- 63) **сауда-саттықты ұйымдастыру** – Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталатын, Биржа клирингтік ұйым, орталық контрагент және банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйым ретінде жүзеге асыратын функцияларды басқа, Биржаның сауда-саттық ұйымдастырушы қызметін жүзеге асыруы
- 64) **"үлеспұл"** (шетелдік үлеспұлдық инвестициялық қорларға қатысты) – Биржа шетелдік үлеспұлдық инвестициялық қор ретінде қарастыратын, активтердің жынтығындағы меншік иесінің үлесін растайтын және осы бағалы қағаздың осы жиынтықтың қолданысы тоқтаған кезде мүліктің бір бөлігін алуға құқығын растайтын, эмиссиялық бағалы қағаз;
- 65) **"ұйымның бірінше жетекшісі"** – ұйымның атқарушы органының жетекшісі немесе ұйымның атқарушы органы ретінде дербес әрекет етуге өкілденген тұлға;
- 66) **"репо сатып алушысы"** – репо ашылу мәмілесі кезінде репо операциясының затын сатып алатын және жабылу мәмілесін жасасқанда оны сататын, репо операциясының қатысушысы;
- 67) **"пайдаланушы"** (Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесіне қатысты) – Биржаның ақпараттық жүйесіне рұқсаттама алған, тұлға;
- 68) **"бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы"** немесе **"БҚЖ пайдаланушысы"** – сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы осындай клирингтік қатысушының клиентінің атынан жасасқан мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында бақылау және қамтамасыз ету жүйесіне рұқсат берілген, кастодиан болып табылатын қор нарығының клирингтік қатысушысы (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*);
- 69) **"сауда-саттық жүйесінің пайдаланушысы"** – Биржаның сауда-саттық жүйесінде әрекеттер жасауға құқылы, жеке тұлға;
- 70) **"репо операцияларының заты"** – репо операциясын жүзеге асырғанда саны өзгерусіз сатып алынатын және сатылатын, бір атаудағы бағалы қағаздар;

- 71) **"репо сатушысы"** – репо ашылу мәмілесін жүзеге асырғанда репо операциясының затын сататын және жабылу операциясын жүзеге асырғанда оны сатып алатын, репо операциясының қатысушысы;
- 72) **"бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы"** (заңды тұлғаларға қатысты қолданымды) – тіркеген мемлекеттің заңнамасына сәйкес, бағалы қағаздар нарығында лицензияланатын қызметті жүзеге асыруға құқығы бар, заңды тұлға;
- 73) **"жұмыс күні"** – Қазақстан Республикасында жұмыс күні болып табылатын, күн;
- 74) **"өтінімнің көлемі"** – натуралды мәндегі (қаржы құралдарының өлшем бірлігімен) өтінімнің көлемі;
- 75) **раздел KASE** – орталық контрагент функциясын жүзеге асырушы Биржа тарапынан қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне оң тексеруден кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін бағалы қағаздарды есептен шығару құқығы қор нарығында орталық контрагентпен жасалған мәмілелерді қамтамасыз ету және орындау үшін пайдаланылатын, бағалы қағаздарды есепке алу үшін "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ есепке алу жүйесіндегі қор нарығының клирингтік қатысушысының жеке шотының қосалқы шоты (клиенттік немесе меншікті).
- 76) **"мәміленің көлемі"** – натуралды мәндегі (қаржы құралдарының өлшем бірлігімен) мәміленің көлемі;
- 76-1) **"есептесу коды"** – деривативтер нарығында пайдаланылатын және осы сауда-саттыққа қатысушы тарапы болып табылатын мәмілелер бойынша ақша қаражатымен және/немесе міндеттемелермен сауда-саттыққа қатысушыны қамтамасыз ету туралы ақпаратты есепке алуға арналған, клирингтік тіркелім *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*;
- 77) **"қашықтан кіру тәртіптемесі"** – Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеу тәсілі, оның пайдаланушысының Биржада жеке қатысуын талап етпейді;
- 77-1) **"ОК-сыз тәртіптемелер"** – Биржа орталық контрагент функциясын жүзеге асырмайтын, "ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінің сауда-саттық және операциялар тәртіптемелерінің тізімдері" атты Биржаның ішкі нормативтік құжатында белгіленген, қор нарығындағы сауда-саттық және операциялар тәртіптемелері *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
- 78) **"ОК-пен тәртіптемелер"** – Биржа орталық контрагент функцияларын жүзеге асыратын, Биржаның "ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінің сауда-саттық және операциялар режимдерінің тізімдері" ішкі нормативтік құжатында белгіленген, қор нарығындағы сауда-саттық және операциялар тәртіптемелері;
- 79) **"Қамтуларды аудару" тәртіптемелері** – ақшамен немесе бағалы қағаздармен қамтамасыз ету операцияларын жүзеге асыру немесе сауда-клиринг шоттарына ақшамен немесе бағалы қағаздармен қамтамасыз ету лимиттерін белгілеу мақсатында пайдаланылатын ASTS+ сауда-клиринг жүйесіндегі режимдер (қаржы құралдарын сегрегациялау/агрегациялау);
- 80) **"Есептесулерге аудару" тәртіптемелері** – активтерді мақсатты орналастыруды бақылау функцияларын жүзеге асыру және бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы клиентінің мүдделерінде ОК-пен сауда-саттық тәртіптемелерінде жасалған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындауды аудару мақсатында пайдаланылатын, ASTS + сауда-клирингтік жүйесіндегі тәртіптемелер;
- 81) **"нәтижелі сауда-саттық сессиясы"** – қандай да бір атаудағы немесе тұрпаттағы қаржы құралы бойынша өткізілген сауда-саттық сессиясы барысында осы атаудағы (тұрпаттағы) қаржы құралымен ең болмаса бір мәміле жасалған сауда-саттық сессиясы;
- 82) **"рейтинг"** (контекстке қарай):
"рейтингтік бағалау" сияқты; немесе

- қандай да бір нысанның, құбылыстың немесе уақиғаның маңыздылығын немесе мәнділігін көрсететін, мақсаты әріптік, сандық, әріптік-сандық немесе реттік көрсеткішті беру болып табылатын, үдеріс;
- 83) **"рейтингілік бағалау"** – қандай да бір нысанның, құбылыстың немесе уақиғаның маңыздылығын немесе мәнділігін көрсететін, әріптік, сандық, әріптік-сандық немесе реттік көрсеткіш;
- 83-1) **"ОК-сыз жасалатын мәмілелер"** – Биржа орталық контрагенттің функцияларын орындауысыз клирингтік қызметті жүзеге асыратын, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
- 83-2) **"ОК-пен жасалатын мәмілелер"** – Биржа орталық контрагенттің функцияларын орындауымен клирингтік қызметті жүзеге асыратын, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
- 84) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен алып тасталған)*;
- 85) **"сауда-саттық өткізудің қандай да бір әдісімен жасалған, мәміле"** немесе **"сауда-саттықтың қандай да бір әдісімен жасалған, мәміле"** – сауда-саттық өткізудің осы әдісімен өткізілген, сауда-саттықта жасалған мәміле;
- 86) **"репо жабылу мәмілесі"** немесе **"жабылу мәмілесі"** (репо операциясына қатысты) – репо операциясын құрайтын, екі мәміленің орындау кезектілігі бойынша екіншісі; репо ашылу мәмілесі жасалғандағы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі, осы мәміленің сомасындағы ақшаны репо операциясына қатысушылардың екіншісінен біріншісіне беруді тұспалдайды, және репо ашылу мәмілесінің осы атаудағы бағалы қағаздар санын репо операциясына бірінші қатысушысының екінші қатысушыға қайтаруы;
- 87) **"репо ашылу мәмілесі"** немесе **"ашылу мәмілесі"** (репо операциясына қатысты) – репо операциясын құрайтын, екі мәміленің орындау кезектілігі бойынша біріншісі; репо ашылу мәмілесі жасалғандағы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі, осы мәміленің сомасындағы ақшаны репо операциясына қатысушылардың біріншісінен екіншісіне аударуды тұспалдайды, және репо ашылу мәмілесінің осы атаудағы бағалы қағаздар санын репо операциясына екінші қатысушысының бірінші қатысушыға қайтаруы;
- 88) **"тікелей мәміле"** – тікелей мәмілелер жасасу әдісімен өткізілген, сауда-саттықта жасалған, мәміле;
- 89) **"бақылау және қамтамасыз ету (қамту) жүйесі"** – ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінің құрамына кіретін активтердің мақсатты орналастырылуын бақылау және мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету жүйесі *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
- қамтамасыз етуді басқаруды жүзеге асыру немесе сауда-клирингтік шоттарға қамтамасыз ету шектелімдерін анықтау;
 - бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының клиенті атынан сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы ОК-пен жасасқан мәмілелерді растау;
 - ОК-пен сауда-саттық тәртіптемелерінде бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы клиентінің мүддесі үшін жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды қабылдау/тапсыру;
- 90) **"тапсырмаларды өңдеудің қосалқы жүйесі"** – қор биржасының сауда-саттық жүйесінің қосалқы жүйесі болып табылатын, клиенттердің қор нарығында мәмілелер жасасу мақсатында сауда-саттыққа қатысушыға тапсырыс беруге арналған бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы;
- 91) **"спрэд"** – бір атаудағы бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға бір маркет-мейкердің ең үздік міндетті баға белгілеулерінде көрсетілген, бағалардың арасындағы айырмашылық;

- 92) **"АҚШ долларының орташа сараланған бағамы"** – АҚШ доллары бойынша Биржаның негізгі (таңертеңгі) сауда-саттық сессиясына АҚШ долларымен жасалған, барлық мәмілелердің орташа сараланған бағасы;
- 93) **"репо операциясының мерзімі"** – репо ашылу және жабылу даталары арасындағы күнмен есептелетін уақыт аралығы;
- 94) **"өтінімнің сомасы"** – мәміленің ақшалай көлемі;
- 95) **"мәміленің сомасы"** – мәміленің ақшалай көлемі;
- 96) **"тайм-аут"** – қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау үшін осы атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкерге осы қаржы құралы бойынша өз міндеттемелерін орындамауға мүмкіндік берілетін, суда-саттық сессиясы (сауда-саттық күні) шегіндегі уақыт аралығы;
- 97) **"сауда-саттық жүйесінің терминалы"** немесе **"терминал"** – Биржаның сауда-саттық немесе сауда-клирингтік жүйесінің клиенттік бөлігі; Биржаның сауда-саттық немесе сауда-клирингтік жүйесіне қосылған және Биржаның сауда-саттық немесе сауда-клирингтік жүйесімен жұмыс істеуге (Биржаның сауда-саттық жүйесінде әрекеттер жасау үшін) арналған, Биржаның сауда-саттық немесе сауда-клирингтік жүйесінің бағдарламалық қамтуы орнатылған, дербес компьютер (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген*);
- 98) **"техникалық жаңылыс"** немесе **"жаңылыс"** (Биржаның ақпараттық жүйелерінің жұмысындағы жаңылыстарға қатысты) – Биржа өткізетін сауда-саттықтарға бір немесе бірнеше сауда-саттыққа қатысушысының қатысуы мүмкін болмауға әкеп соқтыратын, Биржаның ақпараттық жүйелерінің бірінің немесе оның жеке компонентінің уақытша бұзылуы;
- 99) **"сауда-саттықтар"** – Биржада өткізілетін, сауда-саттықтар;
- 100) **"ағылшын сауда-саттықтары"** – Биржаның "Сауда-саттықтар өткізу әдістері туралы қағида" атты ішкі құжатында осы әдіс сипатталғандай, ағылшын сауда-саттықтары әдісімен өткізілетін, сауда-саттықтар;
- 101) **"анонимді сауда-саттықтар"** – кез келген сауда-саттыққа қатысушысына (Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда) осы сауда-саттыққа қатысушысының өтінімі негізінде жасалған мәмілелерді екінші тараптары болып табылатын қай сауда-саттыққа қатысушысы туралы ақпарат берілмейтін, сауда-саттықтар;
- 102) **"голландиялық сауда-саттықтар"** – Биржаның "Сауда-саттықтар өткізу әдістері туралы қағида" атты ішкі құжатында осы әдіс сипатталғандай, голландиялық сауда-саттықтар әдісімен өткізілетін, сауда-саттықтар;
- 103) **"дискреттік сауда-саттықтар"** – әр кезеңнің нәтижелері бойынша мәмілелердің бағаларын анықтаумен, бірнеше кезеңмен (итерациямен) өткізілуі мүмкін, сауда-саттықтар;
- 104) **"ашық сауда-саттықтар"** – басқа шарттары тең бола тұрып, осындай сауда-саттықтарды өткізгенде қандай да бір өтінімді қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау сауда-саттыққа қатысушының қайсысы бергеніне байланысты болмайтын, сауда-саттыққа қатысушылардың әлеуетті шектелмеген саны арасында болжамды бәсекелес бар болатын, сауда-саттықтар (тікелей мәмілелер жасасу әдісімен өткізілетін сауда-саттықтарға қарағанда, онда өтінімді қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау сауда-саттыққа қатысушысының қайсысы бергеніне байланысты болып, мәмілелер тек келісімді болып табылады);
- 105) **"арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар"** – ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өткізілетін сауда-саттық, бұл әдіс "ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде сауда-саттықты өткізу әдістері туралы ережелер" атты Биржаның ішкі құжатында сипатталған (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған*);

- 106) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен алып тасталған);*
- 107) **"сауда-саттық туралы ақпарат"** – Биржа өткізетін (өткізген) қаржы құралдарының сауда-саттықтарының барысы және/немесе нәтижелері туралы ақпарат;
- 108) **"Биржаның сауда-саттық жүйесі"**, немесе **"Сауда-саттық жүйесі"**, немесе **"Биржаның сауда-клирингтік жүйесі"**, немесе **"сауда-клирингтік жүйесі"** – сауда-саттыққа қатысушылар арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын Биржаның материалдық-техникалық құралдарының, ішкі құжаттарының және өзге де қажетті активтер мен процедуралардың кешені *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілді);*
- 109) **"ASTS+ (валюталық нарық) сауда-клирингтік жүйесі"** – шетел валюталарының сауда-саттығы өткізілетін, "валюталық" санатындағы сауда-саттыққа қатысушыларға арналған Биржаның сауда-клирингтік жүйесі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген);*
- 110) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген, осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған);*
- 110-1) **"SPECTRA сауда-клирингтік жүйесі"** – туынды қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысатын "деривативтер" санатындағы сауда-саттыққа қатысушыларға арналған Биржаның сауда-клирингтік жүйесі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген);*
- 111) **"ASTS+ (қор нарығы) сауда-клирингтік жүйесі"** – бағалы қағаздардың сауда-саттықтары жүргізілетін, "қор" санатындағы сауда-саттыққа қатысушыларға арналған, Биржаның сауда-клирингтік жүйесі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген);*
- 112) **"сауда-саттық күні"** - Биржаның сауда-саттық жүйесінде бағалы қағаздармен мәмілелер жасалуы мүмкін күнтізбелік күн шегінде Биржа белгілеген кезең;
- 113) **"сауда-саттық шоты"** – сатып алатын және сататын қаржы құралдарын есепке алу үшін қолданылатын, сауда-саттыққа қатысушысының шоты;
- 114) **"сауда-клирингтік шот"** – сауда-саттыққа қатысушыға немесе бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысына берілген, сауда-саттық шотының жиынтығы болып табылатын және Биржаның сауда-саттық/сауда-клирингтік жүйесінде осындай сауда-саттық шотын пайдалана отырып жүзеге асырылған мәмілелердің және (немесе) операциялардың орындалуын, есепке алынуы мен бақылануын қамтамасыз ететін клирингтік шоттың нөмірі бойынша сәйкес келетін, шот
- 115) **"өтінімді қанағаттандыру"** – қолданыстағы қарсылама өтінімдер есебінен толық немесе жартылай көлемде өтінім негізінде мәміле жасасу;
- 116) **"басқарушы компания"** (шетелдік заңды тұлғаларға қатысты) – оны тіркеген мемлекеттің заңнамасына сәйкес, бірыңғай жиынтық ретінде қарастырылып бақыланатын, активтердің инвестициялық басқаруы бойынша қызметті жүзеге асыруға құқығы бар, заңды тұлға;
- 117) **"репо операциясының қатысушысы"** – бірігіп репо операциясын құрайтын, екі мәміленің тараптарының бірі болып табылатын, тұлға;
- 118) **"сауда-саттыққа қатысушы"** – сауда-саттыққа қатысуға рұқсаттама алған және осы сауда-саттықтарға қатысатын, Биржа мүшесі;
- 119) **"сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы"** – бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы өз клиентінің атынан мәмілелер жасасуға уәкілеттік берген, сауда-саттыққа қатысушы;
- 120) **"ақпараттың бүтіндігі"** – ақпараттың қандай да бір өзгертілуі болмаған, немесе осындай өзгертуді тиесті құқығы бар, субъектілер ғана әдейі жүзеге асыратын, ақпараттың күйі;

- 121) **"ұтымды баға"**:
(қандай да бір атаудағы қаржы құралының сатушысы үшін) – осы атаудағы қаржы құралын сатуға әзір болған, бағасынан кем емес, осы қаржы құралының бағасы;
(қандай да бір қаржы құралын сатып алушысы үшін) – осы атаудағы қаржы құралын сатып алуға әзір болған, бағасынан артық емес, осы қаржы құралының бағасы;
- 122) **"таза емес" баға** (борыштық бағалы қағазға (облигацияға) қатысты) – борыштық бағалы қағаз (облигация) бойынша жинақталған (есептелген, бірақ төленбеген сыйақыны қосқандағы, купондық борыштық бағалы қағаздың бағасы);
- 123) **"репо жабылу бағасы"** немесе **"жабылу бағасы"** (репо операциясына қатысты) – репо жабылу мәмілесі жасалатын, репо операциясы затының бағасы;
- 124) **"өтінім бағасы"** – осы бағамен сатуды немесе сатып алуды қалайтын, қандай да бір қаржы құралын сатуға немесе сатып алуға өтінімінде көрсетілген баға;
- 125) **"жарияланған баға"** – "өтінім бағасы" сияқты;
- 126) **"репо ашылу бағасы"** немесе **"ашылу бағасы"** (репо операциясына қатысты) – репо ашылу мәміле жасалатын, репо операциясы затының бағасы;
- 127) **"сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы"** – қандай да бір шешім қабылдау үшін немесе қандай да бір әрекеттер жасау үшін сипаттаушылық мақсатта немесе басқа да мақсаттарда қолданылатын, сауда-саттық сессиясының сипаттамаларының бірі;
- 128) **"мәміле бағасы"** – мәміле сол бағамен жасалған, қандай да бір қаржы құралының бағасы;
- 129) **"таза" баға** (борыштық бағалы қағазға (облигацияға) қатысты) – борыштық бағалы қағаз (облигация) бойынша жинақталған (есептелген, бірақ төленбеген сыйақыны қоспағандағы, купондық борыштық бағалы қағаздың бағасы);
- 130) **"жарияланған бағалы қағаздар"** (шетелдік бағалы қағаздара қатысты) – қолданыстағы заңнамаға сәйкес шығарылымы тіркелген, бағалы қағаздар;
- 131) **"Орталық депозитарий"** – "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ;
- 132) **"сауда-саттық жүйесінің шлюзы"**, немесе **"шлюз"**, немесе **"Биржаның сауда-саттық жүйесінің шлюзы"** – Биржаның сауда-саттық жүйесімен DMA жүйесінің өзара әрекеттестігін қамтамасыз етуге, соның ішінде DMA жүйесінен Биржаның сауда-саттық жүйесіне мәліметтер беру үшін және DMA жүйесімен Биржаның сауда-саттық жүйесінен мәліметтер алу үшін арналған, бағдарламалық-техникалық құрал;
- 133) **"эмитент"**:
(шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздарға қатысты) – эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын жүзеге асырған, тұлға;
(эмиссиялық бағалы қағаздардан өзге қаржы құралдарына қатысты) – қаржы құралының шығарылымын жүзеге асырған немесе жүзеге асырып жатқан, тұлға.

Биржалық қызметті
жүзеге асыру ережелеріне

2 қосымша

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы
ретінде тіркеу туралы
Ө Т І Н І Ш**

Осы өтінішімізбен "Қазақстан қор биржасы" АҚ ["қор" санаты бойынша Биржа мүшесінің толық атауы] бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы ретінде тіркеуін сұраймыз.

Осы Ережелерде және бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының қызметін реттейтін Биржаның басқа да ішкі құжаттарында мазмұндалған бақылау және қамтамасыз ету жүйесі жұмысының ережелерімен танысқанымызды растаймыз *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[тегі, инициалдары]

Биржалық қызметті
жүзеге асыру ережелеріне
3 қосымша

**Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылардың
ТІЗІМІ**

Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы

(ұйымның толық атауы)

Берілген күні:

- Алдында берілгенге қосымша
 Алдында берілгеннің орнына

№ р/с	Лауазымы, жұмыс телефонының нөмірі	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қол қою үлгісі
1.			
2.			
3.			

Жоғарыда аталған тұлғалар [ұйымның толық атауы] атынан [ұйымның толық атауы] берген шоттар бойынша жасалған мәмілелерді растауға/растаудан бас тартуға, сондай-ақ қамтамасыз етуді басқару және талаптарды қабылдау/беру және аталмыш шоттарды пайдаланумен жасалған, мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша операцияларды жүзеге асыруға өкілденеді.

Жоғарыда аталған тұлғалардың әрекеттеріне, осы құжатпен берілген өкілеттіліктен туындайтын толық жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз.

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[тегі, инициалдары]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[қолы]

[тегі, инициалдары]

Биржалық қызметті
жүзеге асыру ережелеріне

4 қосымша

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен
алып тасталған)*

Биржалық қызметті
жүзеге асыру ережелеріне

5 қосымша

**Екінші деңгейдегі сауда-клирингілік шотын ашу
туралы сауда-саттыққа қатысушысының
ӨТІНІШІ**

Осы өтінішпен [сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының толық атауы] сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысы "Қазақстан қор биржасы" АҚ-дан [өзінің клирингілік шотының№]/[бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының атауы] клирингілік шотты пайдалана отырып мәмілелер орындалатын, ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде екінші деңгейдегі сауда-клирингілік шотты ашуды сұрайды.

Биржаның ішкі құжаттарында баяндалған бақылау және қамтамасыз ету жүйесі жұмысының ережелерімен танысқанымызды растаймыз (осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген).

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[тегі, инициалдары]

Биржалық қызметті жүзеге
асыру ережелеріне

5-1 қосымша

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 30 желтоқсанындағы
шешімімен енгізілген)*

**Сауда-саттыққа қатысушының валюта нарығында агрегацияланған клиенттік
сауда-клирингілік шот ашу туралы**

Ө Т І Н І Ш І

Осымен [валюта нарығының сауда-саттығына қатысушының толық атауы] "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан ASTS+ (валюталық нарық) сауда-клирингілік жүйесінде [санын көрсету] агрегацияланған клиенттік сауда-клирингілік шот(тар) ашуды сұрайды.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[инициалдары, тегі]

Биржалық қызметті
жүзеге асыру ережелеріне

6 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілді)

**Сауда-саттыққа қатысушының деривативтер нарығында
сауда-клирингілік шот ашу туралы**

ӨТІНІШІ

Осы өтінішпен [деривативтер нарығының сауда-саттығына қатысушының толық атауы] "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан SPECTRA сауда-клирингілік жүйесінде [меншікті/клиенттік] сауда-клирингілік шотты мынадай деректемелермен ашуды сұрайды:

№	Сауда-клирингілік шоттың деректемелері	
1.	Бірегей сәйкестендіру нөмірі ⁷	
2.	Клиент түрі ⁸	Жеке тұлға <input type="checkbox"/> Заңды тұлға <input type="checkbox"/>

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

⁷ Сауда-саттыққа қатысушы бірегей сәйкестендіру нөмірін "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулық" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген тәртіпке сәйкес береді *(осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

⁸ 2-жолда белгіленген деректеме сауда-саттыққа қатысушы клиенттік сауда-клирингілік шотты ашқан жағдайда толтырылады *(осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

Биржалық қызметті
жүзеге асыру ережелеріне

7 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы, 2021 жылдың 30 желтоқсанындағы және 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)

**Бағалы қағаздармен сауда-саттық ашу туралы
ӨТІНІШ**

Осы өтінішпен [бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының толық атауы] "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан (бұдан әрі – Биржа) Биржаның " ASTS+ сауда-саттық-клирингтік жүйесінің сауда-саттық тәртіптемелері мен операцияларының тізімдері" атты ішкі құжатында белгіленген сауда-саттықтардың тиісті тәртіптемелерінде [ішінара немесе толық қамтамасыз етуді көрсету] талаптарында [Сауда-саттықты ашу қажет күнді көрсету⁹] бастап [бағалы қағаздың коды мен ISIN көрсету] бойынша сауда-саттық ашуды сұрайды

Сауда-саттықты ашуға өтініш берген жағдайда қосымша көрсетіледі:

- 1) үлестік бағалы қағаздар бойынша – сауда-саттық жүргізлетін валюта және бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының пікірі бойынша сауда-саттық басталатын күнге әділ болып табылатын баға ретінде пайдаланылуы мүмкін бағалы қағаздың индикативтік бағасы;
- 2) пайлар бойынша – лоттың мөлшері, баға белгілеу дәлдігі және пайдың номиналды құнының валютасы;
- 3) облигациялар бойынша – облигациялар шығарылымының мынадай параметрлері:

Шығарылым аңдатпасына сәйкес облигациялардың номиналды құнының мөлшері мен валютасы		
Осы облигация "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ есепке алу жүйесінде есепке алынатын облигациялардың номиналды құнының мөлшері мен валютасы		
Облигациялардың номиналдық құны тиянақталған болып табылады, яғни осы облигациялардың айналыс мерзімі ішінде өзгертуге немесе амортизациялауға жатпайды	<input type="checkbox"/> Да	<input type="checkbox"/> Нем
Облигациялардың тиянақталған өтеу күні бар	<input type="checkbox"/> Да	<input type="checkbox"/> Нем
Облигацияларда купондық төлемдердің тиянақталған күндері бар	<input type="checkbox"/> Да	<input type="checkbox"/> Нем
Облигациялар бойынша купондық сыйақының мөлшері тиянақталған	<input type="checkbox"/> Да	<input type="checkbox"/> Нем
Облигациялар бойынша купондық сыйақының мөлшері тиянақталмаған, бірақ ол бойынша ақпарат кезекті купондық кезең басталғанға дейін Қазақстан Республикасының кемінде екі жұмыс күні бұрын белгілі болуы тиіс	<input type="checkbox"/> Да	<input type="checkbox"/> Нем
Облигациялар шығарылымының талаптарында айналыстағы облигациялар санын қысқарту арқылы оларды ішінара мерзімінен бұрын өтеу кестесі қарастырылған, бұл шығарылым аңдатпасында (немесе мәні бойынша ұқсас құжатта) нақты жазылған	<input type="checkbox"/> Да	<input type="checkbox"/> Нем
Облигациялар бойынша есептелетін купондық сыйақыны қандай да бір түрде капиталдандыру қарастырылған	<input type="checkbox"/> Да	<input type="checkbox"/> Нем
Купондық сыйақыны және айналыс мерзімі өткеннен кейінгі борыштың номиналын қоспағанда, облигациялар бойынша кез келген өзге сомаларды есептеу және төлеу қарастырылған	<input type="checkbox"/> Да	<input type="checkbox"/> Нем

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

⁹ Ішінара қамтамасыз ету шарттарында қандай да бір бағалы қағаз бойынша сауда-саттық ашуға өтініш берген жағдайда, сауда-саттықты ашу осы бағалы қағаз Т+ тізіміне енгізілген күннен ерте болмауы мүмкін.